

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДАМУ

Республикалық ақпараттық-педагогикалық журнал
Республиканский информационно-педагогический журнал
Republican information and pedagogical magazine

№2 (35) 2025 жыл





Ақтөбе облысы бойынша кәсіби даму институт журналы
№2 (35) 2025 жыл

Басылым Қазақстан Республикасы ақпарат және коммуникация министрлігінің байланыс, ақпараттандыру және БАҚ саласындағы мемлекеттік бақылау комитетінде тіркеуге алынып, есепке қою туралы №16242-Ж куәлігі 2016 жылғы 06 желтоқсанында берілген.

Журнал 2017 жылдан бастап шығарылды.
Кезеңдік басылым: 1 жылда 4 рет.

Бас редактор/Главный редактор:
Абишева Н.М., филология ғылымының кандидаты

**Бас редактордың орынбасары/
Заместитель главного редактора:**
Бигалиева Н.С., техника ғылымының магистрі

Редакция алқасы/Редакционная коллегия:
Алексеев С.В., педагогика ғылымының докторы, профессор (Ресей)
Сальцева С.В., педагогика ғылымының докторы, профессор (Ресей)
Пеннер Н.А., педагогика ғылымдарының магистрі, педагог-шебер
Адилханова М.Т., гуманитарлық ғылымдар магистрі
Ермекбаева Л.Ж., экономика ғылымдарының магистрі

Технический редактор:
Тикеев К.С.

Меншік иесі/Собственник
«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Ақтөбе облысы бойынша Кәсіби даму институты (Ақтөбе қаласы)

Авторлар қолжазбасы, суреттер өңделмейді және кері қайтарылмайды.
Редакция авторлар мақаласының мазмұнына жауап бермейді.
Журналда жарияланған материалдары көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, сілтеме жасалуы міндетті.

Редакцияның мекен-жайы:
030020, Ақтөбе қаласы
Тургенев көшесі, 86
Тел: +7(7132) 743-070
Ресми сайт: www.orleu-edu.kz/aktobe-page/
Таралымы: 9 дана
Қазақ, орыс және ағылшын тілінде.

«Педагогикалық даму» журналына байланысты ұсыныстар мен тілектеріңізді red_damu@mail.ru электронды поштасына жіберулеріңіз сұралады.

БІЛІМ МАЗМҰНЫ

Джумагазина Г.Г. <i>Педагогтердің кәсіптік деңгейін дамыту.....</i>	7
Жубаева Ж.О. <i>Білім беру жүйесін ұлттық құндылық-тармен үйлестіру жолдары.....</i>	8
Сугурбаева А.С. <i>Жазылымды дамытуда эссенің рөлі.....</i>	10
Табынбаева А.К. <i>Уровневая дифференциация как инструмент повышения качества учебных достижений учащихся.....</i>	12
Аспантаева Л.Б. <i>Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық қызметінің өмірлік құндылықтары.....</i>	16
Жолдыбаева Г.С. <i>Работа с одаренными детьми в школе.....</i>	18
Нурманова Г.Т. <i>Болашағымыз – білімді ұрпақ.....</i>	20

ӘДІСТЕМЕЛІК ҚЫЗМЕТ ТӘЖІРИБЕСІНЕН

Абдуллина Г.А. <i>Ағылшын тілі сабақтарында мәтінмен жұмыс жасаудың тиімді әдіс-тәсілдері.....</i>	22
Айтжанов С.К. <i>Развитие творческих способностей на уроках художественного труда через пирографию.....</i>	25
Аманбек А.А. <i>Көрнекті ойындар.....</i>	27
Баймаханова Ж.С. <i>Бессоюзные сложные предложения.....</i>	30
Бақытжанова М.Ж. <i>Биологияны оқытуда технологиялық карта - жаңа әдістемелік жол.....</i>	34
Бахитов Б.Х. <i>Физическая культура. Здоровый образ жизни.....</i>	36
Бекмурзина А.Ж. <i>Ыбырай Алтынсариннің «Атымтай Жомарт» әңгімесі.....</i>	37
Дәулетова Ж.Д. <i>О.Бөкей «Тортай мінер ақбоз ат», әңгімеден үзінді. Тортай тағдыры.....</i>	40
Ерлепесова А.Б. <i>Сын тұрғысынан ойлау технологиясы - қазақ тілі мен әдебиеті сабағында.....</i>	44

Жамалова М.С.	
<i>Қазақ тілі мен қазақ әдебиеті сабақтарында цифрлық технологияларды қолдану.....</i>	<i>46</i>
Жубатова З.Ж.	
<i>Ағылшын тілі сабақтарында оқушыларды тілдік қатынасқа үйрету жолдары.....</i>	<i>48</i>
Жұмағалиев Б.Б.	
<i>Қазақ халқының ұлттық қолөнер тарихы.....</i>	<i>50</i>
Ағыбаева А.Н., Казкеева Г.Н.	
<i>Жаңа ғасыр талабына сай химия пәнін оқыту.....</i>	<i>55</i>
Кенжебаев Ж.К.	
<i>Методы преподавания физической культуры в школе.....</i>	<i>57</i>
Коломеец В.Т.	
<i>Развитие исследовательских навыков учащихся на уроках биологии и химии.....</i>	<i>59</i>
Консбаева А.К.	
<i>Проект автоматизации регулирования дорожного движения с помощью умного светофора.....</i>	<i>62</i>
Лишкевич Д.А., Танкевич Е.В.	
<i>Художественный труд как способ развития творческих способностей школьников.....</i>	<i>65</i>
Махатова Н.С.	
<i>Формирование коммуникативных компетенций на уроках английского языка.....</i>	<i>68</i>
Сагинаева А.Т.	
<i>Самые популярные фразовые глаголы в английском языке.....</i>	<i>71</i>
Сармырза Ш.Б.	
<i>Цифрлық технологияларды математика және информатика сабақтарында қолдану.....</i>	<i>74</i>
Сәбит А.С.	
<i>Екі топтағы заттардың сандарын салыстыру.....</i>	<i>76</i>
Смағұлова Г.А.	
<i>Особенности работы с одарёнными детьми по русскому языку и литературе.....</i>	<i>78</i>
Тәуекелова А.С.	
<i>Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің білім беру жүйесіндегі орны мен маңызы.....</i>	<i>80</i>
Тлесова Г.А.	
<i>Тарих пәнінің маңызы және оның қазіргі білім беру жүйесіндегі рөлі.....</i>	<i>82</i>

Түрсұмбаева И.К.	
<i>Музыка как средство развития эмоционального интеллекта: как уроки музыки помогают школьникам понимать и выражать свои эмоции.....</i>	<i>84</i>
Уразова А.Т.	
<i>Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушылардың сыни ойлауын дамыту.....</i>	<i>86</i>
Үмбетова Г.Г.	
<i>Баян - нәзік сазға толы музыкалық аспап.....</i>	<i>88</i>
Шотеева А.Е.	
<i>Мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту мен тәрбиелеудегі ойынның маңыздылығы.....</i>	<i>93</i>

ҚАЗІРГІ БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ

Алтухова С.В.	
<i>Как развить критическое мышление у младших школьников.....</i>	<i>96</i>
Бикирова Г.Т.	
<i>Ертегі «Кітап-асыл қазына».....</i>	<i>100</i>
Болатова Д.	
<i>Формирование креативного мышления младших школьников путем организации исследовательской деятельности.....</i>	<i>103</i>
Касымова Г.Ж.	
<i>Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін қалыптастырудағы сыныптан тыс жұмыстардың алатын орны.....</i>	<i>106</i>
Мамбетова Г.Б.	
<i>Развитие навыков чтения и письма у учащихся начальных классов: новые методы, исследования и успешная практика.....</i>	<i>108</i>
Мендигалиева А.А.	
<i>Исследовательская деятельность младших школьников.....</i>	<i>110</i>
Санаева А.Ж.	
<i>Особенности развития мышления в младшем школьном возрасте.....</i>	<i>112</i>
Уразаева Р.Е.	
<i>Ата кәсіп.....</i>	<i>115</i>
Уразова Ж.Ж.	
<i>Бастауыш сынып оқушыларының логикалық қабілеттерін дамыту.....</i>	<i>119</i>
Хайченко М.В.	
<i>Развитие креативности детей младшего школьного возраста в процессе обучения.....</i>	<i>122</i>

ТӘРБИЕ ТАҒЫЛЫМЫ

Арықбаева Г.А. <i>Аялайық гүлдерді.....</i>	124
Бағанаева А.Р. <i>Алаш ардақтыларына мың тағзым!.....</i>	126
Бисенбаева А.С. <i>Досы көпті, жау алмайды.....</i>	128
Демесинова Б.А. <i>Әтеш және оның отбасы.....</i>	129
Джанзакова С.Б. <i>Балабақша тәрбиешісінің бала өміріндегі рөлі.....</i>	131
Жалғасбаева Г.С. <i>«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы – баланың тұлғалық дамуының негізі.....</i>	132
Жеңісова Г.А. <i>Казахские национальные игры.....</i>	134
Кусмамбетова Б.К. <i>Консультативный пункт в детском саду - одна из форм взаимодействия с семьей.....</i>	135
Нурғалиева Г.А. <i>Үй жануарлары және олардың төлдері.....</i>	138
Расмұхамбетова О.Қ. <i>Ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағы.....</i>	140



СЛОВО ОБ УЧИТЕЛЕ...

*Учитель — это не профессия.
Это судьба, дар, и каждодневный выбор сердца.*

Есть в жизни каждого человека Учитель, имя которого навсегда остаётся в памяти. Тот, кто стал первым проводником в мир знаний, кто учил не только писать и считать, но и быть добрым, внимательным, справедливым. Тот, с кого начинается путь длиною в жизнь. Таким Учителем для наших детей стала Светлана Петровна Някшина.

С 1981 года она связала свою судьбу с общеобразовательной школой №20 города Актобе. Вот уже более сорока лет её утро начинается с заботы о детях — с доброго взгляда, тёплого слова и глубокого чувства ответственности за тех, кого она ведёт по дороге взросления.

Светлана Петровна — учитель с большой буквы, человек, которому родители с доверием передают самое дорогое — своих детей. Она не просто обучает, она вкладывает в учеников частицу своей души, создаёт ту незримую, но прочную основу, на которой строится будущее каждого ребёнка. Её уроки — это всегда атмосфера доброжелательности, уважения и внимательного отношения к каждому. Многие годы Светлана Петровна делится своим богатым опытом с коллегами, вдохновляя их на профессиональный рост. Руководя методическим объединением «Мастер-класс», она внедряла личностно-ориентированные подходы, организовывала обучающие семинары и делилась своими методическими наработками. Её вклад в развитие педагогического мастерства — неоспорим.

Но главное — это отношение к детям. За годы своей работы Светлана Петровна выпустила множество классов, и каждый выпуск — это особая история, полная любви, понимания, маленьких и больших побед. Мы, родители, видим, с какой искренней заботой она относится к каждому ребёнку, как умело поддерживает, направляет и вдохновляет.

Она учит наших детей не только учиться, но и чувствовать, размышлять, быть людьми. Светлана Петровна умеет видеть в каждом ребёнке личность, раскрывать потенциал и дарить веру в себя. И сегодня, спустя годы, она продолжает работать в родной школе. Всё с тем же светом в глазах, с той же внутренней стойкостью и безграничной любовью к делу своей жизни. Каждый учебный день для неё — это не просто труд, а служение. И мы, родители, бесконечно благодарны за то, что рядом с нашими детьми — такой Учитель.

Заключительный аккорд от родителей:

Спасибо Вам, уважаемая Светлана Петровна, за тепло, мудрость и искреннюю любовь, которую Вы дарите детям.

За Вашу доброту, терпение, преданность и высокий профессионализм.

Пусть Ваша дорога учителя будет долгой и светлой, а благодарность учеников и родителей — пусть всегда будет с Вами. Мы гордимся, что наши дети начинали путь в школу с Вами.



ПЕДАГОГТЕРДІҢ КӘСІПТІК ДЕНГЕЙІН ДАМЫТУ

Джумагазина Гульзада Газизовна

«Өрлеу» БАҰО» АҚФ Ақтөбе облысы бойынша Кәсіби даму институты
«Жаратылыстану-математикалық бағытындағы» кафедра аға оқытушысы

Қазіргі заманғы білім беру жүйесі қоғамның дамуында маңызды рөл атқарады. Педагогтардың кәсіби деңгейі – білім беру сапасының негізгі көрсеткіштерінің бірі. Сондықтан, педагогтарды кәсіби дамыту мәселесі ерекше маңызға ие. Жалпы білім беру жүйесіндегі педагогикалық қызметкерлердің кәсіби деңгейін дамыту тек әдістемелік қызметтердің міндеті ғана емес, сонымен қатар психолого-педагогикалық қолдау болып табылады. Педагогикалық құзыреттілік – жалпы білім берудің педагогикалық компонентін жүзеге асыруға қабілеттілікті негіздейтін тұлғаның интегралды сипаттамасы, ол педагогикалық қызметтің сәтті жүзеге асырылуының алғышарты білім, дағдылар, кәсіби әрекеттер болып табылады.

Педагогтардың кәсіби деңгейінің маңызы олардың білім беру процесіндегі тиімділігін анықтайды. Жоғары кәсіби деңгейі бар мұғалімдер білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, олардың білім алуына оң әсер етеді. Сонымен қатар, кәсіби дамудың нәтижесінде мұғалімдер жаңа әдістемелер мен технологияларды қолдана отырып, білім беру сапасын жоғарылата алады. Педагогтардың кәсіби деңгейін арттырудың бірнеше жолдар бар, солардың бірегейі:

Білім беру курстары мен семинарлар: Мұғалімдер үшін арнайы курстар мен семинарлар ұйымдастыру арқылы жаңа білім мен дағдыларды меңгеруге мүмкіндік беріледі. Бұл курстар заманауи білім беру әдістері мен технологияларын меңгеруге көмектеседі.

Менторлық жүйе: Жас мұғалімдерге тәжірибелі педагогтардың менторлық қолдауы кәсіби дамудың тиімді жолы болып табылады. Тәжірибелі мұғалімдер жас әріптестеріне өз тәжірибесін бөлісіп, кәсіби өсуіне ықпал етеді.

Инновациялық жобалар: Педагогтар арасында инновациялық жобаларды жүзеге асыру, жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізу арқылы кәсіби деңгейін артты-

руға болады. Мұғалімдер бір-бірімен тәжірибе алмасып, жаңа идеяларды жүзеге асыра алады. Сонымен қатар педагогтың кәсібилігі туралы түсінік және оның даму ресурстары білім беру жүйесінің үздіксіз кәсіби жетілдіруге бағытталуы тұрғысынан елеулі өзгерістерге және кәсіби деңгейінің дамытуына ерекше үлес қосады. Атап айтсақ:

Ақпараттық технологиялар: Заманауи білім беру платформалары мен онлайн курстар мұғалімдерге өз бетінше білім алуға мүмкіндік береді.

Кітаптар мен ғылыми мақалалар: Педагогика саласындағы жаңа зерттеулер мен әдістемелер туралы ақпарат алу үшін кітаптар мен ғылыми мақалаларды оқу маңызды.

Кәсіби қауымдастықтар: Педагогтар арасында кәсіби қауымдастықтар құру арқылы тәжірибе алмасу, пікірталас жүргізу және бірлескен жобаларды жүзеге асыру мүмкіндігі пайда болады. Осылайша, ұсынылған біртұтас ұйымдастырушылық-әдістемелік механизм бірнеше міндеттерді бірден шешуге мүмкіндік береді. Біріншіден, оның жүзеге асырылуы қауымдастықтардың білім беру әлеуетінің көрінуіне әкеледі, ол басқа жағдайларда көрінбеуі мүмкін. Екіншіден, бұл педагогтардың өзгерістерге, өзара әрекеттесуге, кооперацияға, тәжірибені интеграциялауға, педагогикалық кадрлардың кәсібилігін дамытуға дайындықты қалыптастыруға ықпал етеді, үздіксіз табысты кәсіби қызметті қамтамасыз етеді. Қорыта келе педагогтардың кәсіби деңгейін дамыту – білім беру сапасын арттырудың негізгі факторы. Бұл процесс педагогтердің білім мен дағдыларын жаңартып, оқушылардың білім алуына оң әсер етеді. Сондықтан, білім беру ұйымдары мен мемлекет педагогтардың кәсіби дамуына қолдау көрсетуі тиіс.

Тек осылайша біз сапалы білім беру жүйесін қалыптастыра аламыз

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРМЕН ҮЙЛЕСТІРУ ЖОЛДАРЫ

Жубаева Жангуль Онаевна

«Өрлеу» БАҰО» АҚФ Ақтөбе облысы бойынша Кәсіби даму институты
«Жаратылыстану-математикалық бағытындағы» кафедрасының аға оқытушысы, п.ғ.м.

Білім — адамзат дамуының басты құралы, ұлт болашағының темірқазығы. Әрбір ел өзінің болашағын білімді ұрпақпен байланыстырады. Сондықтан да білім беру жүйесін жаңғырту барысында ұлттық құндылықтарды ескеру — бүгінгі күннің ең өзекті мәселелерінің бірі.

Ұлттық құндылықтар — ата-бабалардан қалған тарихи мұра, салт-дәстүр, тіл, мәдениет, өнер, әдет-ғұрыптар жиынтығы. Бұл — ұлттың бет-бейнесі, рухани өзегі. Ұрпақ тәрбиесінде осы құндылықтарды сақтау, дамыту арқылы жастарды өз елінің патриоты, елжанды азамат етіп қалыптастыруға болады. Білім беру мен ұлттық құндылықтардың байланысы.

Білім беру — тек қана ақпарат беру немесе ғылымды үйрету емес, ол — тұлға қалыптастыру процесі. Егер білім жүйесі ұлттық рухсыз болса, ұрпақ тамырынан ажырайды. Жас буынның бойында ұлттық сана, отансүйгіштік қасиеттерді қалыптастыру үшін білім беру мазмұны ұлттық құндылықтармен үйлесуі қажет.

Әлемдік өркениетке ұмтыла отырып, өз болмысымызды сақтау — біздің басты міндетіміз. Қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан тілін, ділін, салт-дәстүрін, тарихын жас ұрпақтың санасына сіңіріп, білім мазмұнына енгізу — бүгінгі таңда ерекше маңызды.

Білім беру жүйесін ұлттық құндылықтармен үйлестірудің жолдары.

Білім беру жүйесін ұлттық құндылықтармен үйлестірудің бірнеше нақты жолдары бар:

1. Оқу бағдарламаларын ұлттық негізде қайта қарастыру. Оқу пәндерінің мазмұнына қазақ халқының тарихы, әдебиеті, мәдениеті, салт-дәстүрлері туралы материалдарды көбірек енгізу қажет. Әдебиет сабақтарында Абай, Шәкәрім, Мағжан,

Мұқағали сынды тұлғалардың шығармаларын тереңдетіп оқыту керек. Тарих пәнінде өз ұлтымыздың шынайы тарихын ашық, жан-жақты жеткізу аса маңызды.

2. Ұлттық тәрбие бағдарламасын енгізу. Мектептерде арнайы ұлттық тәрбие бағдарламасы жасалып, ол сабақтан тыс тәрбие сағаттарында жүйелі түрде жүзеге асырылуы тиіс. Мысалы, «Ұлттық құндылықтар апталығы», «Дәстүр сабақтастығы» жобалары арқылы оқушыларды халқымыздың ұлы мұраларымен таныстыруға болады.

3. Салт-дәстүрлерді дәріптеу. Наурыз мейрамы, Құрбан айт сияқты ұлттық мерекелерді мектеп қабырғасында ұйымдастырып, олардың мағынасын терең түсіндіру керек. «Бесікке салу», «Тұсаукесер», «Ашмайға мінгізу» сияқты салттарды сахналау арқылы жас ұрпақтың бойына ұлттық рух ұялату — тәрбиелік мәні жоғары іс-шаралар.

4. Ұлттық ойындарды сабаққа енгізу. Қазақтың тоғызқұмалақ, асық ату, аударыспақ, көкпар сияқты ұлттық ойындары оқушылардың дене дамуына ғана емес, ойлау қабілетіне де оң әсер етеді. Дене шынықтыру сабағында ұлттық спорт түрлерін көбірек қолдану — олардың отанға деген сүйіспеншілігін арттырады.

5. Өнер мен қолөнерді үйрету. Қазақтың ою-өрнегі, зергерлік бұйымдары, қолөнері — халқымыздың бай мәдени мұрасы. Бейнелеу өнері, технология сабақтарында ұлттық қолөнер элементтерін қолдану оқушылардың өнерге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, ұлттық мақтаныш сезімін ұялатады.

6. Ата-ана мен мектептің бірлескен жұмысы. Ұлттық құндылықтар тек мектепте ғана емес, отбасында да берік қалыптасуы керек. Сондықтан ата-аналарды осы бағыттағы жұмыстарға тарту, семинарлар, тренингтер ұйымдастыру өте маңызды.

Ұлттық құндылықтарды дәріптеудің маңызы


Ұлттық құндылықтарды білім беру жүйесіне енгізу — жас ұрпақтың рухани әлемін байытып, ұлттық сана-сезімін қалыптастырады. Өз халқының мәдениетін, тарихын терең түсінген жас ешқашан өзге жұрттың көлеңкесінде қалмайды. Қай заманда да ұлттық рухы жоғары халық қана алға озған.

Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев та өз жолдауларында білім беру мен ұлттық тәрбие мәселелерінің өзара тығыз байланысын бірнеше рет атап

өткен болатын. Демек, білім саласын дамыту ұлттық негізге сүйенбей жүзеге аспайды.

Қорытынды. Бүгінгі таңда ұлттық құндылықтар мен білім беру жүйесінің арасындағы байланысты күшейту — мемлекеттің рухани қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізгі тетігі. Әр ұстаз, әр ата-ана осы жауапкершілікті сезінуі қажет. Ұлттық құндылықтармен суғарылған білім ғана ұрпақты іргесі мықты елдің тірегі етеді. Сол себепті, білім беру саласындағы әрбір жаңашылдық ұлттық ерекшеліктерімізді ескере отырып жүзеге асырылуы тиіс.

Ұлт болашағы — білімді де ұлттық рухты ұрпақтың қолында!



ЖАЗЫЛЫМДЫ ДАМЫТУДА ЭССЕҢІҢ РӨЛІ

Сугурбаева Анаргүл Сагинбаевна

«Өрлеу» БАҰО» АҚФ Ақтөбе облысы бойынша Кәсіби даму институты
«Жаратылыстану-математикалық бағытындағы» кафедрасының аға оқытушысы, п.ғ.м.

Қазіргі кезеңде білім беру жүйесінің ең басты мәселесі – білім сапасының деңгейін халықаралық дәрежеге жеткізу. Ол үшін қазіргі заман талабына сай мемлекеттік тілді меңгеруде жаңа технологияларды, ұтымды әдіс-тәсілдерді пайдалану, білім беру саласында жүйелі жұмыстар атқару еліміздегі ең маңызды әрі кезек күттірмейтін ауқымды мәселелердің бірі болып отыр. Сондықтан да, қазіргі заман талабына сай білімді, жан-жақты дамыған, рухани бай жеке тұлғаның қалыптасуында жазылым жұмыстарының маңызы ерекше. Осы ретте, қазақ тілі мен әдебиетті оқыту барысындағы негізгі міндеттердің бірі – оқушыларды көркем де сауатты жазуға дағдыландыру, еркін ойлауға, қиялдай білуге, алған мол теориялық білімдерін практикада қолдана білуге үйрету, шығармашылық шеберліктерін шыңдап, өз бетінше ізденуге баулу болып табылады.

Жазылым өркениет талаптарына мүлтіксіз жауап беретін жаңа адам үлгісін тәрбиелейді. Жазылым – мен – автор, сен – оқырман логикалық тізбегі бойынша суреттелетін күрделі шығармашылық іс-әрекет. Ол адам санасындағы күрделі жаңғыру үдерісімен астаса жүріп отырады. Педагог-ғалым Серік Мақпырұлы жазба жұмысын жүргізудегі педагогикалық мақсатты «Таптаурын ойлаудан творчестволық ойлауға тәрбиелеу, өмір, қоғамдық даму, тарих, адамдық асыл қасиеттер хақында өзіндік ой түюге, азамат ретінде толғануға баулу, тіл, ой байлығын молайтудың, сезім сергектігін тәрбиелеу жолы» деп қарастырады. Оқушы ұғымына оңай, тіліне жеңіл тиетін көркем туындылардың тәрбиелік құндылығы жоғары болмақ, ал аталмыш шығармалар оқу үрдісінде тиімді амал-тәсілдермен меңгертілсе, білім берудің ізгілік, адамгершілік бағытындағы ұстанымдары жүзеге асады.

Қазіргі таңда мектепте жазылым тәжірибесінде оқушыларды шығармашылыққа бағыттау, ізденуге баулу мақсатында стильдік ерекшеліктерге сай түрлі жанрды қамтитын мысалы, белгілі бір ақын-жазушы туралы естелік (фешбек), арнау өлеңдерін (ода), мақала және оның түрлерін (бас мақала, проблемалық, насихаттық, публицистикалық, ғылыми мақалалар), авторға хат, аннотация, рецензия, эссе және оның түрлері (аргументативтік, дискуссивті, сипаттамалық, әдеби-талдау, әдеби-синтез, әдеби-сын, т.б. эссе түрлері) жазуды жиі пайдаланып келеді. Бұл, әрине оқушылардың жазылым дағдыларын жан-жақты қалыптастыруға мүмкіндік береді, түрлі стильде әртүрлі жанрдағы жазба жұмыстарын жаза алуға баулиды, шығармашылығын шыңдайды, креативті ойлауды дамытады, сауатты жазуды әрі көркем, нақты жазу машығын арттырады. Қалай десек те, жазылым – оқушыны адамгершілікке, ізгілікке баулудың құралы, ол – оқушының аналитикалық ойларын дамыту, ойлаудың психикалық операцияларын: анализ-синтез, жүйелілік, салыстыру, нақтыландыру мен жинақтауды жүзеге асыру, еркін де сыни көзқарасты қалыптастыру, өзіндік позициясы мен жігері мол тұлғаны жан-жақты дамытуда үлкен рөл атқаратын күрделі жұмыстың бірі.

Енді осы ретте жазылымды дамытуда эссеңің рөлі қандай? Эссе жазудың пайдасы неде? Эссе - тұрақталған, қалыптасқан тұжырымдарға жаңа қырынан қарап, өзінше толғап, әрі дағдыдан, әдеттен, көне соқпақтардан бөлек, тың болжамдар мен түйіндеулерге құрылатын философияның, эстетиканың, әдеби сынның, публицистиканың, көркем әдебиеттің жанры. Эссе табиғаты сыршыл сезімге, тіл бояуларының айрықша салтанатына, әшекейлі композицияға құрылады. Өзгеше бітімді бұл өнер туындысында эссеист

интеллектуалды байлығын, аңғарымпаздылығын, жарқын, тапқыр ойлылығын, өмір саяхатындағы көрген-білгенін, сезінген-түйгенін, тәжірибелерін жомарттықпен жайып салады. Эссе сипатында туған туындыларға батыл болжамдар мен өткір ұсыныстар, пікір жарыстырулар мен талас тудыратын жорамалдар, ойлар, көкейге қонымды, таным көкжиегін кеңейтуге қозғау саларлық байламдар тән. Эссе дегеніміз (фр. тіл. Essai – тәжірбие, лат.т. exagium – құрау) – философиялық, әдеби, тарихи, публицистикалық, әлеуметтану, саяси және тағы басқа саладағы ғылыми емес, автордың жеке көзқарасын білдіретін прозалық мәтін. Демек, эссе автордың жеке, дербес жазылымға негізделген жазбасы. Бұнда автордың жеке көзқарасы, өзіндік ұстанымы, дәлелді пікірі, нақты аргументтері, сыни бағасы, қорытынды түйіні толыққанды көрініс табады.


Жалпы эссе жазу күрделі үдеріс. Эссе жазу тұлғаның жазылым дағдысын дамытуда алатын рөлі зор. Алайда эссе жазу оңай емес екені де рас. Себебі эссе белгілі қатаң ережелер талаптарға сай жазылады. Эссе жазу үшін алдымен эссеист өзіне келесі сұрақтарды қою арқылы ойда, яғни санада ойшақыру немесе жоспарлау әрекетін жүргізуі керек:

- Не жазамын?
- Қандай тақырыпта жазамын?
- Кімге арнап жазамын?
- Қаншалықты жазамын?

- Нені қолданып жазамын? (ресурстар) немесе қалай жазамын?

Бұл сұрақтар эссеисттің өзіндік ойын жинақтауға, ізденуге, болжам жасауға көмектеседі. Содан кейін ғана алғашқы нұсқаны жазудың кадамдық кезеңі басталады. Алғашқы нұсқа жазылымда ешқашан соңғы нұсқа болмайды. Себебі жазылымда сауатты ойлау арқылы оны қағаз бетіне стильдік ерекшелікті сақтап, ойдың бірізді сабақтасуы, сөздердің, ойдың қайталанбауы, орфографиялық, грамматикалық, лексикалық, пунктуациялық нормалардың сақталуы, жанрлық ерекшеліктің ескерілуі, т.б. өте маңызды. Сондықтан эссеист міндетті түрде жазған эссе жұмысын қайта қарап, тексеріп, кем-кетік жерін түзетіп, өңдеп, соңғы нұсқасын ұсынуы керек. Сонда ғана мазмұнды, сауатты, эссе талаптарына сай жазылған жазба жұмысы болады. Демек, эссенің жазылымды дамытудағы рөлін осы үдерістен-ақ көруге болады.

Сөзімді қорыта келе, эссе жазу кез келген тұлғаның жазылым дағдысын дамытуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, ой-өрісін, дүниетанымын кеңейтеді, өзіндік талдау (анализ), пайым жасауға, сыни көзқарас, сыни баға беруге баулиды, ойды синтездеуге, дәлелді аргументтер ұсына алуға үйретеді, оңтайлы шешім шығаруға машықтандырады, жазушылық шеберлігін қалыптастырады деп түйіндеймін.



УРОВНЕВАЯ ДИФФЕРЕНЦИАЦИЯ КАК ИНСТРУМЕНТ ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА УЧЕБНЫХ ДОСТИЖЕНИЙ УЧАЩИХСЯ

Табынбаева Алмагуль Каматаевна

Старший преподаватель кафедры ФАО «НЦПК «Өрлеу» ИПР по Актыубинской области

Современная система образования предъявляет сегодня высокие требования к учащимся. Учебные предметы насыщены объемным содержанием, а ожидаемые результаты, сформулированные в учебных целях, порой оказываются недостижимыми для определённых категорий обучающихся.

Современная школа ориентирована не только на передачу знаний и умений, но прежде всего на создание условий для развития личности, адаптации и раскрытия потенциала каждого учащегося. Это реализуется через внедрение компетентного подхода, индивидуализацию обучения, развитие критического мышления, умения работать в команде и применять знания на практике. Например, проектные задания, исследовательская деятельность, дифференцированные подходы и формативное оценивание позволяют учитывать образовательные потребности разных категорий учеников и способствуют их личностному росту. Одна из высших потребностей человека в пирамиде потребностей по определению А. Маслоу «Потребность в самоактуализации»: реализации своих целей, способностей, развитие собственной личности» подразумевает потребность человека в познании себя, других людей и мира в целом. Поэтому учащийся должен быть вооружен знаниями из разных областей, возможностью приобретать и применять навыки, высказывать, предполагать, проверять свои идеи и мнения.

Форма такого вида обучения приведет не только к развитию мышления, но и к формированию внутреннего мира личности и мировоззрения.

Самой большой трудностью в учебном процессе является вовлечение и поддержка динамичного взаимодействия учащихся с учителем и между собой. Применение

компьютерных технологий, в том числе интерактивной доски, планшетов могут на какое-то время заинтересовать учащихся, но добиться развития и формирования необходимых навыков и мышления при таком подходе будет сложно.

Зачастую игровые методы, активное и коллективное обучение помогают активизировать учебный процесс и усилить групповую работу, но количество незадействованных и пассивных учащихся сводится к нулю. Не все учителям удается при таких формах работы учитывать способности и возможности каждого ученика, повышать имеющийся уровень некоторых учащихся и вместе с тем вовлекать незаинтересованных в учебный процесс. Дифференциация в обучении – это процесс, при котором различия между учащимися приспособлены для того, чтобы все учащиеся в группе имели наилучшие шансы на обучение. В последние десятилетия это стало рассматриваться как ключевой навык для любого учителя, особенно для классов смешанных способностей. Понятие «дифференцированный подход» в обучении предполагает организацию обучения детей с учетом их индивидуальных и групповых психофизиологических особенностей и возможностей. Чаще всего педагог работает в классе, где собраны учащиеся с разным уровнем знаний и способностей. Известный психолог Н.А. Менчинский писал о том, что «эффект обучения зависит не только от его содержания и методов, но и от индивидуальных особенностей личности школьников».

Знание индивидуально-типологических особенностей каждого ученика имеет важнейшее значение для определения требований к организации индивидуального подхода к школе. Только зная существенные особенности учащихся, выяснив их источники, учи-

тель может создать оптимальные условия усвоения знаний, формирования навыков, развития способностей каждого ребенка. При этом необходимо помнить, что педагогика индивидуального подхода имеет ввиду не приспособление целей и основного содержания обучения и воспитания к отдельным школьникам (так как цели и содержание воспитания и обучения определяются требованиями общества, государственной программой - они являются общими для всех), а приспособление методов и форм работы к этим индивидуальным особенностям с тем, чтобы развить личность. Индивидуальный подход обеспечивает устранение трудностей в обучении отдельных школьников.

Всем известно, что каждый класс можно разделить на три группы: учащихся низкой, средней и высокой успеваемости и возможностей. На такие группы учащихся делят на основании объема имеющихся знаний, уровня познавательной активности, способности к логическому, критическому и абстрактному мышлению, умению анализировать, обобщать уровень самостоятельности. Данные критерии тесно связаны друг с другом, так как уровню самостоятельности учеников на уроке при организации учебной деятельности значительно зависит от способности их к абстрактному мышлению. Ученики с высоким уровнем имеют большой объем знаний, высокую познавательную активность, имеют способность к абстрагированию, анализу и синтезу. Работа с такими учащимися предполагает тщательную организацию учебной деятельности, подбор заданий высокой сложности. Ученики со средним уровнем учебных возможностей имеют определенный объем знаний, среднюю познавательную активность, сформированы способности к абстрагированию, обобщению, анализу и синтезу. При работе с данной группой учащихся главное внимание необходимо уделять развитию их познавательной активности, самостоятельности и уверенности в своих силах, постоянно создавать условия для их дальнейшего развития. Ученики с низким уровнем учебных возможностей отстают от сверстников в интеллектуальном и речевом

развитии. Зачастую плохо читают, не могут выделить главное в учебной информации.

Говоря о детях с пониженной обучаемостью, психолог З.И. Калмыкова утверждает, что в основе их отставания лежит расхождение требований, предъявляемых к познавательной деятельности школьников, с реально достигнутым уровнем умственного развития. Учителя, кто ставит целью преодоление неуспеваемости, понимают, что необходимы психологические знания.

Учащиеся, испытывающие трудности в обучении, требуют немного щадящего режима, зоны ближайшего развития. Для них применимы алгоритмы, карты, опорные схемы. Информационные материалы можно собирать в специальной папке, которую он может оставлять в кабинете или забирать с собой. Данной группе учащихся нужно давать посильные для них задания.

Некоторые учащиеся имеют плохую память и с трудом запоминают термины, факты, элементы, процессы. Поэтому целесообразно планировать и применять аудио- и видеоматериалы (речь учителя, записанная заранее). Им требуется зрительно-текстовая опора и индивидуальный темп работы. Некоторые формы и методы работы со слабыми учащимися: выполнение заданий с наличием алгоритма или образца, совместное выполнение задания на соответствие, развитие зрительной и слуховой памяти (например, составлять с ними ассоциации на новые термины, предложения или минитесты).

При дифференцированном обучении следует соблюдать некоторые условия: учитель знает своих учеников, их особенности, слабые и сильные стороны.

В данном подходе обучения возрастает вероятность того, что учащиеся будут переходить в группы с более высоким уровнем обучения. Так как происходит изменение уровня развития учащихся, происходит восполнение пробелов и повышение учебной направленности, выражающейся побуждением интереса к получению знаний в учебе. Учитель может организовать дифференциацию в классе в несколько этапов:

- определить и применять критерии успеха, с помощью которых выделяется группы учеников с различными уровнями успеваемости;

- проводить различные диагностики по определенным критериям;

- с учетом результатов диагностики распределить учеников по условным группам;

- выбор приемов дифференциации, на их основе разрабатывать разноуровневые задания;

- применение дифференцированного подхода на разных этапах урока;

- наблюдение и контроль результатов работы учащихся, что может привести к изменению состава групп и применяемых методов, приемов и заданий.

Реализация дифференциации и индивидуализации в процессе обучения открывает возможности, как для учителя, так и для учеников. Немаловажным фактором на уроке является применение эффективных методов дифференцирования, которые дают возможность обеспечить довольно широкие различия между учащимися. Экспертное мнение варьируется, когда дело доходит до окончательного списка методов дифференциации в классе, при этом некоторые считают, что оно может подпадать под шесть категорий:

1. Дифференциация по задачам, предполагает постановку различных задач для учащихся разных способностей. Один из способов достижения этого может быть создание различных заданий или упражнений в зависимости от способностей уч-ся. Однако некоторые учителя не склонны применять этот метод из-за социальных последствий и дополнительного планирования. Альтернативный метод - использовать единый рабочий лист, состоящий из заданий, которые становятся все труднее.

2. Группирование. Совместное обучение дает возможность застенчивым ученикам более уверенно участвовать в занятиях. Небольшие группы со смешанными способностями позволяют менее успешным ученикам использовать поддержку других, в то время как более продвинутые получают возможность организовать и озвучить свои

мысли для всей группы (известный как моделирование по принципу «равный-равному»). Группирование также позволяет распределить роли внутри команды, которые удовлетворяют набору навыков и потребности каждого учащегося.

3. Ресурсы. В этом виде дифференциации важно признать, что некоторые учащиеся могут работать с более продвинутыми ресурсами, чтобы подойти к теме с разных точек зрения. Дифференциация такого рода позволяет использовать широкий спектр материалов для достижения единого результата обучения. Во многом помогают достижения в области технологии, использование аудиовидеоматериалы и др.

4. Время. Когда в планировании урока используется дифференциация, доступное время используется гибко, чтобы удовлетворить потребности всех учащихся. Учащихся, которые быстро усваивают основные знания, не нужно сдерживать для ожидания других. Вместо этого им могут быть даны более сложные задания, чтобы они могли быстрее продвигаться по установленному курсу.

5. Результат. Дифференциация по результатам – это метод, при котором все учащиеся выполняют одну и ту же задачу, но ожидаются и приемлемы различные результаты. Например, учитель дает задание и учащиеся, выполняя его, приходят к личному результату в зависимости от уровня способностей. Существует риск того, что менее способные учащиеся упадут ниже приемлемого уровня понимания, однако этот риск можно несколько смягчить, установив четкий набор некоторых принципов, которые применимы ко всем ученикам.

6. Диалог. Дифференциация по диалогу является наиболее часто используемым типом дифференциации в классе. При данном методе внимание акцентируется на роли учителя, который должен способствовать решению проблем, определяя, какие учащиеся нуждаются в подробных объяснениях на более простом языке и какие учащиеся могут участвовать в диалоге на более сложном уровне. Можно использовать фронтальный опрос для получения ряда

ответов и выявить более способных учеников. Дифференцированный подход дает возможность реализовывать учебные, познавательные и творческие возможности всех учащихся. Однообразие даже в обучении может наскучить, самая интересная информация, на взгляд учителя, возможно не вызовет ожидаемого интереса у учеников. Поэтому составление разнообразных заданий приведет к успеху. Например, составление текстов, синквейнов, диалог, самостоятельная разработка заданий учащимися, интервью, само-и взаимопроверка заданий, написание статей и составление газет. Ученики будут иметь возможность консультировать других и обучаться сами. При дифференцированном обучении следует соблюдать некоторые условия: учитель знает своих учащихся, их особенности, слабые и сильные стороны.

В данном подходе обучения возрастает вероятность того, что учащиеся будут переходить в группы с более высоким уровнем обучения. Так как происходит изменение уровня развития учащихся, происходит восполнение пробелов и повышение учебной направленности, выражающейся побуждением интереса к получению знаний в учебе.

Для предотвращения проблем или трудностей при применении методов и приемов в реализации дифференцированного подхода учителю необходимо:

- создавать с самого начала урока и поддерживать коллаборативную среду в классе;
- придерживаться принципа дифференцированного обучения: «От простого к сложному»;
- учитывать индивидуальные особенности учащихся;
- осуществлять постоянный контроль и оценивание знаний и навыков учащихся;
- использовать диагностику уровня знаний и навыков учащихся;
- наблюдения, анкетирования, беседы, результаты обследований в тандеме с психологом.

Таким образом, дифференцированное обучение способствует повышению интереса к учебе, повышению уровня продуктивной деятельности учеников, создает ситуацию успеха. Каждая группа учащихся работает над выполнением заданий, соответствующих их учебным, возможностям. В ритмичной работе у учащихся повышается работоспособность, формируется трудолюбие. Наиболее значимыми организационно-педагогическими результатами использования дифференцированного подхода обучения на уроках являются:

- исключение «уровнировки» и «усреднения» детей;
- появление у учителя возможности помогать слабому, уделять внимание сильному;
- повышение уровня Я-концепции: сильные утверждают в своих способностях, слабые получают возможность испытывать учебный успех, избавиться от комплекса неполноценности;
- повышение уровня мотивации учения в сильных группах;
- в группах, где собраны одинаковые дети, ребёнку легче учиться;
- выступает как средство развития самостоятельности учащихся.

При этом необходимо понимать, что разноуровневая форма обучения не может дать положительного результата сама по себе, а требует системного подхода, огромной работы над содержанием и методикой преподавания.

Использованная литература:

1. Методическое пособие «Интеграция предметов естественнонаучного цикла в формировании функциональной грамотности школьников в условиях 12-летнего образования», Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, 2013
2. Вовлечение учащихся в учебный процесс через дифференциацию: метод. рек./ А.А. Рыспекова. – Астана: АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы» Центр педагогического мастерства, 2017.-с.44

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ ӨМІРЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

Аспангаева Лида Батырбековна

Ақтөбе қаласы, М.Мақатаев атындағы №73 ЖББОМ, бастауыш сынып мұғалімі

*Қазақ жастарының салауатты, білімді болуына бар еңбегін жұмсаған
ағартушы ұстаз, жазушы, этнограф
Ыбырай Алтынсарин*

«Кел, балалар, оқылық. Оқысаңыз, балалар, Шамнан шырақ жағылар, Тілегенің алдыңнан іздемей-ақ табылар» осы өлең жолдарында адамды мектепке тартатын бір жылулықты байқаймыз. Расында, қазақ балаларын білім алуға шақырғанын айқын көруге болады. Яғни білімді болған адамның өмірі, болашағы жарқын болатынын ашып түсіндіріп көрсеткен.

Ыбырай Алтынсарин балаларды білімге шақырып қана қоймай, ұстаздық жолында қызмет атқарған. Ол өзінің ұстаздық қызметін бүкіл ынта, жігерімен жасаған. Ыбырай Алтынсаринды қазақ балалар әдебиетінің атасы деп атаған. Ол қазақ балаларын үшін өлең, тәрбиелік мәні бар әңгімелер жазумен бірге орыс әдебиетіндегі бірқатар ақын, жазушылардың шығармаларын қазақ тілінде аударып, балаларға ұсынды.

Ыбырай Алтынсарин дарынды жазушы да болды. Ол негізінен өз еңбектерінің басым көбін балаларға арнап жазған. Балалар түсінікті, тілге жеңіл тиетін оқулық пен оқу құралдарын және көркем шығармалар жазды.

«Кел, балалар, оқылық», «Өнер білім бар жұрттар» деген өлеңдері балаларды оқу, білімге шақырды. Бұл оқушылардың оқуына, жаттауына жеңіл, білімдік және тәрбиелік жағынан маңызды шығармалар болып табылады.

Мен Ыбырай Алтынсаринның «Кел, балалар, оқылық» өлеңінің мәнін ашып көрсетсем.

«Бір Аллаға сиынып,

Кел, балалар, оқылық» - деп қандай жағдай болмасын біз Алланы ұмытпауымыз керектігінен, әрқашан дінімізді, ділімізді

ұмытпау керектігін естен шығармауымыз керектігін өлең жолдарына тірек еткен.

Оқыған әрбір нәрсені есімізде сақтап, оны қажетімізге пайдалану керектігін ашып айтқан. Оқудың пайдасы мен оқымай, білімге ұмтылмаған баланың болашағы бұлыңғыр болатынын ескерткен. Яғни жас ұрпаққа оқып білім алсақ бізде дәулет, байлық бәрі болатынын, алған білімді ешбір есепсіз жаратпай, пайдаға жұмсау керектігін айтады.

Ыбырай Алтынсаринді қазақ балаларының білім іргетасын қалаушы дейсек болады. Біріншіден, ол өз шығармалары арқылы балаларға білім керек екенін айтты. Білім көптеген жабық есіктердің кілті болып табылатынын түсіндірді. Егер балалар білімді болса, онда мұндай халықтың болашағы жарқын. Білім дамуға, жетілдіруге жол ашады. Ыбырай Алтынсарин қазақ халқы білім алу үшін ең алдымен бойымызға адамгершілік құндылықтарды сіңіре білуіміз керек деп тәрбие мен білімді ұштастырып қараған.

«Өнер, білім, бәрі де оқуменен табылған» - деген өлең жолдары осыған дәлел. Біздің көзіміз ашық білімді болсақ біз білімді де, ғылымды да, өнерді де бағындырарымыз сөзсіз. Оның қандай шығармасын алып қарасақ негізгі ой өнер, білім, адамгершілік, достық, әдептілік мейірімділік тәрбиелеу болды. Ыбырай Алтынсаринның тәрбиелік мәні бар шығармалары: Мәселен, «Таза бұлақ», «Бақша ағаштары» т.б. Оның «Бақша ағаштары» әңгімесінде бағып-қағуда көп мағына бар екенін айтқан. «Шырағым, мұнан сен де өзіңе ғибрат алғайсың. Сен де жас

ағашсың, саған да күтім керек, мен сенің қате істерінді түзеп, пайдалы істерүйретсем, сен менің айтқанымды ұғып, орнына келтірсең, жақсы түзу кісі болып өсерсің, бағусыз бетіңмен кетсең, сен де мынау қисық біткен ағаштай өсерсің» деп балаларға тәрбиелік мәні бар құнды еңбектер жазып қалдырған.

Ыбырай Алтынсарин балаларды оқу, білімге шақырып алғаш үнге қосқан ұстаз ретінде тарихта қалса. Сондай-ақ алғаш рет «Қазақ хрестоматиясы» оқулығын құрастырған да Ыбырай атамыз екені белгілі. Қазақ қыздары үшін алғаш мектепті ашқан да осы Ыбырай атамыз.


Бүгінде Қазақстан халқы Ыбырай Алтынсариннің қосқан зор үлесін, көрнекті ағартушы екенін ұмытпайды. Оның құрметіне аудандар, даңғылдар, білім беру және ағарту мекемелері, жоғары оқу орындары мен академиялық мекемелер аталған, мысалы, Қазақстанның жетекші педагогикалық орталықтарының бірі — ұлттық білім академиясы.

XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ даласына білім нәрін сеуіп, қараңғылықта

шам болып жанған ағартушының есімін, қысқа ғана ғұмырында өз халқының болашағына білім сыйлағанын, әділдіктің жақтаушысы болғанын ұмытпауымыз керек.

Әдебиеттер тізімі:

1. Алтынсарин Ибрагим. Собрание сочинений. 3 томдық. Т. 1. Алматы: ҚазКСР" Ғылым", 1975. 360 б.
2. Жұмағұлов Қ.Т. Ыбырай Алтынсарин (Алғы Сөз. профессор Х. Х. Махмулова). Ташкент: әдебиет және Өнер баспасы. Гафура Гуляма, 1975. 160 Б.
3. Алтынсарин Ибрагим. Собрание сочинений. 3 томдық. Т. 3. Алматы: ҚазКСР" Ғылым", 1978. 352 б.
4. "Ұлы ұстаз Ыбырай Алтынсариннің мұрасы бүгінгі күні де өзекті - ҚР еңбек сіңірген мәдениет қайраткері Г. Қасымжановтың".
5. inform.kz. - URL: https://www.inform.kz/ru/nasledie-velikogo-uchitelya-ibraya-altynsarina-aktual-no-i-segodnya-zasluzhennyi-deyatel-kultury-rk-g-kasymzhanova_a2420663 (өтініш берген күні: 10.12.2019)



РАБОТА С ОДАРЕННЫМИ ДЕТЬМИ В ШКОЛЕ

Жолдыбаева Гулнар Саубаевна

Учитель начальных классов, «Общеобразовательная средняя школа
№68 имени Жумабека Ташенова» г.Актобе

Проблема работы с одаренными учащимися актуальна для современного общества. Одаренные дети – это дети, уровень способностей которых значительно выше способностей других детей своего возраста. Выделяют три категории одаренных в умственном отношении детей:

- дети с необыкновенно высоким общим уровнем умственного развития при прочих равных условиях;
- дети с признаками специальной умственной одаренности (профильная одаренность);
- дети потенциально одаренные, обладающие яркой познавательной активностью и незаурядными умственными резервами, но не достигшие успехов в учении и пока себя не проявившие.

Современная школа должна ставить перед собой следующие задачи развития:

- развитие личности одаренных учащихся;
- развитие учебной деятельности;
- развитие позитивной Я - концепции;
- развитие творческой самостоятельности;
- развитие коммуникативных умений;
- развитие рефлексивных умений.

Работа с одаренными детьми ставит перед современной школой важные педагогические задачи:

- Осуществление индивидуализации обучения;
- Реализация личностно-ориентированных технологий в практику обучения.
- Формирование системности в знаниях по разным предметам;
- Повышение качества обучения;
- Осуществление мероприятий по социальной адаптации одаренных учеников.

Для эффективной работы с одаренными детьми следует придерживаться следующих рекомендаций:

- формирование учебных групп из одаренных учащихся (с разной целевой направленностью);
- выбор стратегии обучения для каждого одаренного учащегося (обогащение, ускорение, экстернат, др.);
- разработка программ индивидуальной работы с одаренными детьми;
- разработка индивидуальных образовательных маршрутов по учебным предметам;
- предоставление одаренным учащимся свободы в выборе форм итогового контроля с предпочтением защит творческих работ.

На протяжении последних лет у меня сложились такие формы работы с одаренными детьми, как:

1) Разноуровневое обучение. В каждом классе, на каждом учебном предмете материал организован на разных уровнях (А, В, С). Одаренные дети имеют возможность заниматься на самом высоком уровне обучения.

2) Элективные курсы. Курсы по выбору позволяют часть времени отдавать изучению предметов, соответствующих особым интересам и потребностям одаренных детей, что способствует в дальнейшем специализации обучения.

3) Проектно-исследовательская деятельность. Она дает возможность включать в процесс обучения самостоятельные исследования и решение творческих задач (индивидуально и в малых группах).

Миссия современной школы по отношению к одаренным учащимся – предоставление каждому одаренному ребенку сферы деятельности, необходимой для реализации интеллектуальных и творческих способностей, формирования потребности в непрерывном самообразовании, активной гражданской позиции,

культуры здоровья, способности к социальной адаптации и творческому самовыражению.

Литература:

1. Савенков, А.И. Методика исследовательского обучения младших школьников / А.И. Савенков. – Самара: Издательский дом Фёдорова, 2009.

2. Кривобок, Е.В. Исследовательская деятельность младших школьников / Е.В. Кривобок, О.Ю. Саранюк. – Волгоград: Учитель, 2010.

3. Поливанова, К.Н. Проектная деятельность школьников: пособие для учителя / К.Н. Поливанова. – М.: Просвещение, 2011.



БОЛАШАҒЫМЫЗ – БІЛІМДІ ҰРПАҚ

Нурманова Гулбану Темирбаевна

Ақтөбе қаласы, «М.Мақатаев атындағы №73 ЖББОМ» КММ, бастауыш сынып мұғалімі

XXI ғасыр – бәсеке ғасыры, бұл бәсеке енжарлықты, керітартпалықты көтермейді. Қазіргі кезде еліміз білім берудің жаңа сатысына көтерілген. Бүгінгі таңдағы негізгі мақсат – ұлттық құндылықты әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті, өзіндік жеке көзқарасы қалыптасқан тұлға тәрбиелеу. Ол үшін оқушылардың белсенділігін арттыру, ізденімпаздыққа үйрету және білімді өз бетінше алуы мен қолдана білетін дарын иесін тәрбиелеу керек. Осы заманғы шебер мұғалімі білім берудің ұлттық моделіне өту арқылы, оқыту мен тәрбиенің соңғы жетістіктерін меңгерген педагогикалық - психологиялық диагностиканы қабылдай алатын, педагогикалық жұмыста қалыптасқан бұрынғы қабілетті және ескі сүрлеуден арыла алатын, нақты тәжірибелік іс- әрекет үстінде өзіндік даңғыл жол салуға икемді шығармашыл, зерттеуші, ойшыл педагог болуды қажет етеді.

Себебі, жаңа ғасырда бәсекеге қабілетті интеллектуалдық күші жетік маман кадрлар болмай, әлемдік бәсекеге төтеп бере алатындай экономика дамымайды. Жас жеткіншектің бойындағы табиғат берген ерекше қабілетті, дарындылықты тани білу, оның одан әрі дамуына бағыт бағдар бере білу ерекше қиын іс. Демек, оқушы бойындағы табиғат берген қабілетті дамыту, дарындылықтың көзін ашу, ғылыми зерттеу жұмыстарына қызығуын қалыптастыру, шығармашылық қабілетін дамыту, қазіргі техниканы пайдалану мәдениетіне тәрбиелеу- ұстаздардың басты міндеті. «Дарынды бала»- деп қандай баланы айтамыз? «Дарын-адам бойындағы асқан талант, ерекше қабілет. Ал дарындылық-бала бойындағы алғырлық, зеректік» деп психологиялық ұғым тұрғысынан анықтау қажет. Дарын-адам бойындағы асқан талант, ерекше қабілет. Дарындылық бала бойындағы асқан алғырлық, зеректік. Табиғи дарынды бала алдымызға қашан келеді күтудің қажеті жоқ,

керісінше, балалардың бойындағы қабілетті ашып, болашақ қоғамның бір- екі, одан да көп тұлғасын дайындау жолында еңбек етуіміз қажет, демек, бүгінде қоғам алдында тұрған міндет, әрбір ұстаз алдында тұрған міндет:

дарынды балаларды іздеу, оларды тәрбиелеу мен оқыту. Дарынды балалармен жұмыс істеуде ұстаз өзі бірінші болып ізденеді.

– Дарынды балалар мәселесін зерттеуге қатысты философиялық, психологиялық, педагогикалық, әдістемелік әдебиеттерді зерттеу, саралау.

– Ғылыми-әдебиеттердің сараптамасы негізінде дарынды балалардың сипаттамасын беру.

– Балалардың дарындылық қасиеттерін анықтауға арналған әр түрлі әдістемелерді жинақтау.

– Дарынды балаларды оқытуда білімденудің инновациялық технологияларын жүйелеу.

Қазіргі уақытта тәжірибелік негізі бар екі бағыттағы ғылыми зерттеулердің қажеттілігі өте орынды болып отыр. Олар:

– Дарындылық деңгейлерін жақсарту;

– Бала дарындылығын зерттеудің педагогикалық әдістерін жетілдіру. Бүгінгі таңда мемлекет пен қоғамның алдында тұрған басты мақсат

Республиканың интеллектуалды әлеуетін сақтау және қазақстандық азаматтан зиялы қауымды дайындау. Интеллектуалы жоғары, қоғамға жаны аши білетен азаматтарды дайындау мектеп қабырғасынан басталады. Ендеше жаңа ғасыр мектебінің алдында тұрған міндет-дарынды балалармен жүйелі жұмыс жүргізу болып табылады. Дарындылықты дамытудың қазіргі кезде нақты бір белгіленген бағыты, жүйеленген әдістері немесе тәсілдері жоқ. Оқу мен тәрбиенің сыныптағы бала танымына лайық жолдарын сұрыптау, әр баланың даралық

ерекшелігін дамытуға, қоғамда өмір сүруге психологиялық тұрғыдан дайындау мақсатымызға айналуы тиіс. Мектеп қабырғасында оқушылар жақсы да, жаман да оқиды. Ал адам бойындағы дарындылықты нағыз данышпандыққа айналдырудың бір ғана шарты-табиғи талантпен шектеліп қалмай, табандылықпен еңбектену. Демек, табиғи таланттарды ашу жас талапкердің жарқырап көрінуі үшін ұстазға жүктелер міндет не? Ол міндет-оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту үшін жан аянбай еңбек ету. Осы жағдайға жеткен оқушы әрқашан да ұстаз сенімін ақтайды

<p>20 минут</p>	<p>«Суреттер сөйлейді» әдісі арқылы не болып жатқаны және түсіндіріп берулері сұралады. Осы арқылы сабақ тақырыбы ашылады.</p> <p>Оқушыларға жетекші сұрақтар қойылады.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Суретте не байқадыңдар? - Адамдардың бұл іс-әрекетін қандай қасиетке жатқызамыз? - Бүгінгі сабақтың тақырыбын болжаңыз. <p>Сабақтың тақырыбы, оқу мақсаты, бағалау критерийі айтылады</p> <p>1-тапсырма «Еңбек» тобы Саралау тапсырмалары</p> <p>Мәтіндегі жомарт адамның бойындағы болуы тиіс қасиет туралы пікірмен келісетініңізді не келіспейтініңізді айтып, ойыңды дәлелдеңіздер.</p> <table border="1" data-bbox="359 1008 782 1590"> <thead> <tr> <th colspan="8">Жомарт адамның бойындағы болуы тиіс қасиет</th> </tr> <tr> <th>Ж</th> <th>Ж</th> <th>Т</th> <th>Өз</th> <th>Өз</th> <th>Д</th> <th>Қ</th> <th>М</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>э</td> <td>а</td> <td>а</td> <td>ге</td> <td>еңб</td> <td>э</td> <td>ұд</td> <td>а</td> </tr> <tr> <td>р</td> <td>к</td> <td>б</td> <td>ле</td> <td>ект</td> <td>у</td> <td>ай</td> <td>қ</td> </tr> <tr> <td>д</td> <td>с</td> <td>ы</td> <td>рг</td> <td>ері</td> <td>л</td> <td>да</td> <td>т</td> </tr> <tr> <td>е</td> <td>ы</td> <td>с</td> <td>е</td> <td>мен</td> <td>ет</td> <td>н</td> <td>а</td> </tr> <tr> <td>м</td> <td>к</td> <td>м</td> <td>ұл</td> <td>таб</td> <td>ті</td> <td>қо</td> <td>н</td> </tr> <tr> <td>б</td> <td>и</td> <td>о</td> <td>гі</td> <td>у</td> <td>өз</td> <td>рқ</td> <td>ү</td> </tr> <tr> <td>е</td> <td>і</td> <td>л</td> <td>бо</td> <td></td> <td>ін</td> <td>у</td> <td>ш</td> </tr> <tr> <td>р</td> <td>м</td> <td>б</td> <td>лу</td> <td></td> <td>е</td> <td></td> <td>і</td> </tr> <tr> <td>у</td> <td>к</td> <td>о</td> <td></td> <td></td> <td>ға</td> <td></td> <td>н</td> </tr> <tr> <td></td> <td>и</td> <td>л</td> <td></td> <td></td> <td>н</td> <td></td> <td>б</td> </tr> <tr> <td></td> <td>ю</td> <td>у</td> <td></td> <td></td> <td>а</td> <td></td> <td>е</td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td>ж</td> <td></td> <td>р</td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td>ұ</td> <td></td> <td>у</td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td>м</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td>са</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td>у</td> <td></td> <td></td> </tr> </tbody> </table> <p><i>Келісемін-келіспеймін</i></p> <p><i>Себебі</i></p> <p>1-тапсырма «Жомарт» тобы Рөлдік ойын</p> <p>«Оқиғалар желісі» әдісі.</p> <p>Бір топтың жұмысын келесі топ тексеріп, «Үш шапалақ» әдісімен бағалайды.</p> <p>(Топ оқушылары қағанаттаралық деңгейде орындаса, бір шапалақпен;</p>	Жомарт адамның бойындағы болуы тиіс қасиет								Ж	Ж	Т	Өз	Өз	Д	Қ	М	э	а	а	ге	еңб	э	ұд	а	р	к	б	ле	ект	у	ай	қ	д	с	ы	рг	ері	л	да	т	е	ы	с	е	мен	ет	н	а	м	к	м	ұл	таб	ті	қо	н	б	и	о	гі	у	өз	рқ	ү	е	і	л	бо		ін	у	ш	р	м	б	лу		е		і	у	к	о			ға		н		и	л			н		б		ю	у			а		е						ж		р						ұ		у						м								са								у			  <p>Суреттерді болжайды және өз ойларын айтады.</p> <p>Саралау тапсырмаларын дескрипторға сай орындайды.</p>	<p>бағалауға арналған тапсырмалар жинағы</p> <p>Дескриптор Білім алушы</p> <ul style="list-style-type: none"> - мәтіндегі жомарт адамның бойындағы болуы тиіс қасиет туралы пікірмен келісетіні айтады - 1 - мәтіндегі жомарт адамның бойындағы болуы тиіс қасиет туралы пікірмен келіспейтінін айтады -1 - ойларын дәлелдейді-1 <p>Дескриптор Білім алушы</p> <ul style="list-style-type: none"> - шығарма мазмұнын еске түсіреді-1 	<p>Оқулы қ 5-сынып «Атам ұра» баспасы 2017жыл</p>
Жомарт адамның бойындағы болуы тиіс қасиет																																																																																																																																																				
Ж	Ж	Т	Өз	Өз	Д	Қ	М																																																																																																																																													
э	а	а	ге	еңб	э	ұд	а																																																																																																																																													
р	к	б	ле	ект	у	ай	қ																																																																																																																																													
д	с	ы	рг	ері	л	да	т																																																																																																																																													
е	ы	с	е	мен	ет	н	а																																																																																																																																													
м	к	м	ұл	таб	ті	қо	н																																																																																																																																													
б	и	о	гі	у	өз	рқ	ү																																																																																																																																													
е	і	л	бо		ін	у	ш																																																																																																																																													
р	м	б	лу		е		і																																																																																																																																													
у	к	о			ға		н																																																																																																																																													
	и	л			н		б																																																																																																																																													
	ю	у			а		е																																																																																																																																													
					ж		р																																																																																																																																													
					ұ		у																																																																																																																																													
					м																																																																																																																																															
					са																																																																																																																																															
					у																																																																																																																																															

<p>Сабактың соңы 5 минут</p>	<p>топ оқушылары 1-2 қате жіберсе, екі шапалақпен, барлығын толық орындаса үш шапалақпен бағалайды.)</p> <p>2-тапсырма Жұптық жұмыс Қос жазба күнделігі Атымтай Жомарт қандай адам? Әр үзіндіні бір сөзбен сипатта</p> <p>Сергіту сәті «Кім тапқыр?» ойыны Ыбырай шығармалары бойынша танымдық сұрақтар.</p> <p>Жеке жұмыс. Шығармашылық тапсырма Кейіпкерге хат</p> <p>Сабакты бекіту «Себетке қасиет сал» әдісі. - Жомарт адам қоғамға керек деп өздерің дәлелдеме келтірдіңдер. Мұғалім: - Сонымен, бізге жомарт адамға керек қасиеттер: ниет, ынта, еңбекқорлық, табандылық, оптимизм, қарапайымдылық, жігер, батылдық, ақылдылық, ақкөңілділік, қамқорлық, қайырымдылық, имандылық, намыс т.б. қасиеттері қажет екен.</p> <p>- Рефлексия 3 Қ: қызық, құнды, қиын»</p> <table border="1" data-bbox="355 1585 735 1733"> <thead> <tr> <th>Қызық</th> <th>Құнды</th> <th>Қиын</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </tbody> </table> <p>Үйге тапсырма «Бүгінгінің Атымтай Жомарты қандай?» тақырыбында әдеби эссе жазыңыз.</p>	Қызық	Құнды	Қиын				<p>Оқушылар кестеде берілген әңгіменің оқиғалар желісін ретке келтіреді. Рөлге кіріп баяндайды.</p> <p>Платформада Ыбырай шығармалары бойынша танымдық сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Оқушылар Атымтай жомартқа хат жазады.</p> <p>Жомарт адам болуға жету оңай ма екен? (Оқушылардың пікірлері ортаға салынады.)</p> <p>Оқушылар өздері үшін сабақта не қызық, қиын, құнды болғанын айтып, іс-әрекетіне баға береді.</p>	<p>- оқиғалар желісін ретке келтіреді-1 - рөлге кіріп баяндайды-1</p> <p>Дескриптор: - Әдеби шығарманың мазмұнын түсінеді - 1 - Үзіндіге түсініктеме жазады-1</p> <p>Дескриптор: Білім алушы -сұрақтарға жауап береді -1</p> <p>Дескриптор Білім алушы -сұрақтарға жауап береді -1</p> <p>Дескриптор: Жалпы 3 балл- -Шығармадағы бір кейіпкерді таңдайды. -Кейіпкердің іс – әрекетіне сипаттама бере отырып, онымен сырласады. -Жазба жұмысын талапқа сай орындайды.</p>
Қызық	Құнды	Қиын							


О.БӨКЕЙ «ТОРТАЙ МІНЕР АҚБОЗ АТ», ӘНГІМЕДЕН ҮЗІНДІ. ТОРТАЙ ТАҒДЫРЫ

Дәулетова Жансәуле Дәулетқызы


Ақтөбе қаласы, «№19 орта мектебі» КММ, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі





Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	6.1.2.1- әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсіндіру; 6.2.2.1 -эпикалық, поэзиялық шығармалардағы, кейіпкер бейнесін анықтау;
Сабақтың мақсаты:	<u>Барлық оқушылар үшін:</u> -әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсіндіре алады; -шығармалардағы кейіпкерлер бейнесін анықтайды.
Құндылықтарға баулу:	«Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясы бойынша «Жалпыға бірдей еңбек қоғамы» құндылығына баулу. Бұл арқылы оқушыларда шығармашылық және сын тұрғысынан ойлауы, функционалдық сауаттылығы, қарым-қатынас жасау қабілеті мен жауапкершілігі артады. Сонымен қатар өмір бойы оқуға, еңбеу етуге, Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілікке деген дағдысы қалыптасады.

Сабақтың барысы:

Сабақ кезеңі/Уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы Қызығушылықты ояту. 3 мин.	(Ұ). Ұйымдастыру кезеңі: 1. Оқушылармен амандасу, түгелдеу. 2. Топқа бөлу: О.Бөкей шығармаларының атауымен топтасады. 1-топ. «Атау кере» 2-топ. «Бес тиын» 3-топ. «Өз отынды өшірме» Мақсаты: Оқушылар бір-бірін тыңдау дағдыларын дамытуға бағытталады, сондай-ақ барлық оқушылардың қатыстырылуы арқылы сабаққа белсенділігі артады. Тиімділігі: Оқушылар топтасу арқылы жақындасады, шағын ортада бірлесе жұмыс жасауға бейімделеді, көңіл-күйін көтереді және бауырмалдығын оятады. Саралау: Бұл жерде саралаудың «Жіктеу» тәсілі көрінеді. Оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында мүмкіндігінше оларға таңдау еркіндігі беріледі.			Оқулық, жұмыс дәптерлері ДК экраны
Жаңа сабаққа кіріспе минут 7 	(Ұ) «Миға шабуыл» әдісі арқылы өткен тақырыппен жаңа сабақты байланыстыру мақсатында ой қозғау сұрақтарын	Айтылым. 1) Әңгіменің негізгі кейіпкерлері кім? (Тортай, Ораш) 2) Тортайдың әлеуметтік жағдайы қандай болды? (жетім)	Мақсаты: Жылдам әрі функционалды түрде сыни ойлануды дамыту. Тиімділігі: оқушының танымдық дағдысы артады. Сонымен қатар оқушыға сабақтың өмірмен байланысын көрсетеді және	ҚБ: Өз ойын дұрыс мағынада білдіріп, талқылауға белсенділік пен қатысқан

	<p>ұжымдық талқылау. Сыныптастырының пікірін толықтырады. Өз ойымен бөліседі.</p> <p><i>Оқушылар сұрақтарға жауап беріп, өзара ұжымдық талқылау жасағаннан кейін мұғалім оқушыларға сабақтың тақырыбы, мақсатымен таныстырады.</i></p>	<p>3) Тортай кімнен 2-3 жас үлкен еді? (Автордан, Ораш)</p> <p>4) Ораш Тортайға не таситын еді? (тамақ)</p> <p>5) Тортайдың денсаулығында қандай ақау болды? (құлағы ауыр еститін)</p> <p>6) Автор Тортайды көп іздеп, қай жерден тапты? (Салықсалғанның ұшар басында үңгірде оңаша отыр екен)</p> <p>7) Неге Тортай Орашпен бірге мектепке бара алмады? (Асырап алған отбасы жіберген жоқ)</p> <p>8) Тортай неге арманына жете алмады? (Оқи алған жоқ)</p> <p>9) Тортай сүйген қызына неге қосыла алмады? (Айттырып барғанда қыздың әкесі: «Қай ауылдың баласысың?» - деп сұрағанда, Тортай: «Ата, малдан келемін», - деді.)</p> <p>10) Тортай кім болды? (сыршы)</p> <p>11) Әңгіме соңында өзін іздеп келген Тортаймен Ораш неге жолыққысы келмеді? (Арманын ұрлап алдым деп ойлады)</p>	<p>сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтауға мүмкіндік береді.</p> <p>Саралау: Бұл жерде саралаудың «Диалог және қолдау көрсету» тәсілі көрінеді. Дұрыс мағынада жауап беруге бағыттау мақсатында кейбір оқушыларға ашық сұрақтар, ал кейбір көмек қажет ететін оқушыларға жетелеуші сұрақтар қойылады.</p>	<p>оқушыға <u>«Жарайсың!»</u> деген мадақтау сөзімен ынталандыру. Өр дұрыс жауапқа житон беру.</p> <p>https://spint.hewheel.io/wheels/E26d9JiBk8LqOcoYRfDKcz0xJmU9MQ#google_vignette платформа сы арқылы сұралады.</p>
--	--	--	---	---

		12) Әңгіме неге «Тортай мінер ақ боз ат» деп аталған? (Жазушы болу Тортайдың арманы еді, бірақ Ораш болды)		
Сабактың ортасы Мағынаны ашу. 22 мин.	3 топқа шығарма мазмұнын, сабақ тақырыбын ашатын 3 түрлі тапсырма беріледі. Мақсаты: Бір-бірін қайталамау, аз уақытта бірнеше жұмысқа үлгеру, бір-бірін тыңдай білу	1-топ. «Сезім шеңбері» стратегиясы: Елестету – әңгімені оқығанда көз алдына не келгенін жазамыз Сүйсіну – кімге не үшін сүйсіндің? Жек көру – кімді не үшін жек көруге болады? Жаны ашу – қай эпизодта өзіңнен жанашырлық байқадың? Өкініш – ең өкініштісі...? Таңдану – неге таңдануға болады?	Дескриптор: Жалпы - 10 балл. Хикая мазмұнына сүйене отырып, көз алдына елестету арқылы оқырман эмоциясын жеткізеді	Оқулық, жұмыс дәптерлері, кеспе қағаздар, Интерактивті тақта
		2-топ. «Кейіпкерлер әлемі» <i>Кейіпкердің есімі</i> - <i>Кейіпкерді суреттейтін 3 сөз, - 1б</i> <i>Кейіпкердің мінезін ашатын 3 сөйлем – 2б</i> <i>Кейіпкердің өмірдегі мақсаты- 2б</i> <i>Кейіпкерді не себепті автор таңдады? 1б</i> <i>Кейіпкердің басынан өткізген 3 нәрсесі – 2б</i>	Дескриптор: Жалпы – 10 балл. Тортай бейнесін жан-жақты ашады.	Оқулық, жұмыс дәптерлері

		<p>Кейіпкердің мекен-жайы 1б Кейіпкер соңында кім болды? 1б</p>		
		<p>3-топ. Венн диаграммасы: С.Мұратбековтің «Жусан иісі» повесі мен О.Бөкейдің «Тортай мінер ақ боз ат» әңімесін салыстырады. Ұқастығы мен айырмашылығы. Ұқастығы көп пе, ерекшелігі көп пе?</p>	<p>Дескриптор: Жалпы - 10 балл. Екі шығарманы ең кемі 5 түрлі ұқастығы мен айырмашылығын анықтай алады</p>	<p>Оқулық, жұмыс дәптерлері</p>
<p>Сабақтың соңы Ой толғаныс. Рефлексия 7 мин.</p> 	<p>«Ой толғаныс» әдісі. Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардың сабаққа деген көзқарасын, рефлексиясын тыңдайды.</p>	<p>«Ой толғаныс» рефлексиясы 1-топ: Тортай неге қызығады? Нені армандайды? 2-топ: Қазіргі балалар неге қызығады? Нені армандайды? 3-топ: Егер сен Ораштың (автордың) орнында болсаң, әңгімені қалай аяқтар едің? Әр топ өздеріне қойылған сұрақтарға жауап беру арқылы тақырыпты қаншалықты меңгергендері анықталады</p>	<p>Әр топқа дұрыс жауаптар үшін текшелер таратылады. Бағалау парағы арқылы әр топ басшысы оқушылардың қатысымын бағалайды. Жиналған текше санымен жеңімпаз топ анықталады.</p>	 
<p>Үйге тапсырма 1 минут</p>	<p>№83-бет, №8-тапсырма</p>	<p>- Шығармадан автор бейнесін білдіретін сөздерді теріп жазамыз. - Автор нешінші жақта сөйлейді? Не себепті?</p>		

СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ - ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА

Ерлепесова Акмунар Болатовна

Ақтөбе қаласы, «М.Мақатаев атындағы №73 ЖББОМ» КММ, бастауыш сынып мұғалімі

Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы - заман талабына сай, келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және оны тиімді қолдана білу міндеті тұр. Қай елдің болсын өсіп-өркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты. «Ұрпағы білімді халықтың, болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа сапалы, мәнмағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру-бүгінгі күннің басты талабы. Қазіргі таңда орта кәсіптік білім беретін колледждер жаңа инновациялық оқыту технологиясы бойынша жұмыс істеуде. Білімнің жаңа мазмұнын жүзеге асыру үшін жаңа технологиялар қажет-ақ.. Әрбір технология өзіндік жаңа әдіс тәсілдермен ерекшеленеді. Әдіс - тәсілдерді оқытушының ізденісі арқылы білім алушының қабілетіне, қабылдау деңгейіне қарай іріктеліп қолданады. Технологияларды күнделікті сабақ үрдісіне пайдалану үшін мен өзімнің педагогтік мақсат - мүддеме сай, өзімнің шеберлігіме орай таңдап аламын. Сондай педагогикалық технологиялардың бірі «Сын тұрғысынан ойлауды дамыту». Бұл бағдарлама жаңа буын оқулықтарының талаптарын жүзеге асыруда, оқушылардың білім деңгейін көтеруде, студенттерді шығармашылыққа баулуда, ойларын еркін айтуда тез арада дұрыс шешімдер табуға атсалысатын бірден - бір тиімді бағдарлама деп есептеймін. Сын тұрғысынан ойлау - сынау емес, шындалған, бірін - бірі толықтырған ойлау десек қателеспейміз. Аталмыш бағдарламаның ішкі құрылымында ерекшелік бар. Бұл құрылым үш деңгейден тұратын оқыту мен үйретудің үлгісі.

I. Қызығушылықты ояту сатысы.

II. Мағынаны ашу сатысы.

III. Ой қозғау сатысы.

Мәтіні әртүрлі материалдарды және интерактивті әдістерді қолдану арқылы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінде сын тұрғысынан ойлау технологиясын пайдалану тиімді жүзеге асырылады. Осы талаптарды ескере отырып, алдыма қойған мақсатым – білім алушыны оқуға қызықтыратын, қабілетін арттыратын жағдай туғызу. Оның негізгісі - оқу үрдісін жаңаша ұйымдастыру, олардың ойлау дағдыларын жетілдіру, өздігінен білім алу процесінде бірлесе әрекет ету. Білім алушы жаңа ақпаратты ала отырып, сыни көзқараста өз пікірін жеткізе алуы қажет. Қазақ тілі сабағында итермелеу сатысында қызмет ететін

«Ойлан, жұптас, талқыла», «Миға шабуыл», «Жуан және жіңішке» сұрақтар, «Топтастыру», “Болжау”, “Әлемді шарлау” т.б. деген стратегиялар жинақталған. Қызығушылықты ояту сатысының мақсаты – үйренушінің белсенділігін арттыру. Өйткені, үйрену – жалқаулыққа қарағанда белсенділікті талап ететін іс - әрекет екені даусыз. Бәлім алушы өзі білетінін еске түсіреді, қағазға жазады, көршісімен бөліседі, тобында талқылайды. Яғни айту, бөлісу, ортаға салу арқылы оның ойы ашылады, тазарады.

Осылайша шындалған ойлауға бірте-бірте қадам жасала бастайды. Оқушы бұл кезеңде жаңа ақпарат жинап, оны алған біліммен ұштастырады.

Ойлау мен үйренуге бағытталған бұл бағдарламаның екінші кезеңі –мағынаны ашу. Бұл кезеңде үйренуші жаңа ақпаратпен танысады, тақырып бойынша жұмыс істейді, тапсырмалар орындайды. Оның өз бетімен жұмыс жасап, белсенділік көрсетуіне жағдай жасалады. Студенттердің тақырып бойынша жұмыс жасауына көмектесетін оқыту стратегиялары бар. Соның бірі INSERT. V – “білемін”, — - “мен үшін түсініксіз”, + - “мен үшін жаңа ақпарат”, ? – “мені таң қалдырады”

белгілерін қойып отырып оқу тапсырылады. Сонымен қатар, «Әлем шарлау» әдісі бойынша қойылған сұрақтарға оқушылар алған білімдерін бір - біріне түсіндіріп, жауап бергенде бір - бірін тыңдайды, өз ойларын ортаға салады. «Кубизм» әдісі аясында оқушылар берілген тапсырма бойынша сұраққа жауап беру барысында ұғымды жан - жақты, әр қырынан салыстырады, анықтайды, зерттейді. Суреттер желісі жөнінде не айтар едіңдер? Бейнелі суреттердің адам өміріндегі қажеттілігі неде деп ойлайсындар? Өмірмен қалай байланыстырар едіңдер? Бұл суреттердегі ортақ тақырыпты қалай атар едіңдер? Ортақ тақырып айқындалады, сабақтың мақсаты айтылады. Сонымен қатар «Фишбоун» тәсілін қолдануға болады, бұл тұста оқушылар белгілі бір мәтін бойынша берілген сұрақты жан - жақты қорытындылап жауап береді. «Тұжырымдамалық карта» әдісі де өте тиімді деп ойлаймын. Студенттер берілген тапсырмаға нақтылап, қорытынды жасап, зерттеп жауап берді.

«Топтастыру» әдісі арқылы сұрақ қойған кезде оқушылар бір нәрсе туралы ойындағы негізгі қажеттіліктерін, білетіндерін, білгендерін топтайды. «Үш қадамды сұхбат» стратегиясы. Әр топ тақырыпқа байланысты бірбіріне тыңдалған мәтін бойынша 3 түрлі сұрақ, пікір айтып талқылайды. Ойлау мен үйренуге бағытталған бұл бағдарламаның үшінші кезеңі-ой қозғау. Үйретушілер білетіндерін анықтап, білмейтіндерін белгілеп сұрауға әзірленеді. Бұл әрекет арқылы жаңаны түсіну үшін бұрынғы білім арасында көпірлер құрастыруға, яғни байланыстар құруға дағдыландырады. Тақырып туралы ой-толғаныс – бағдарламаның үшінші кезеңі. Күнделікті оқыту процесінде оқушының толғанысын ұйымдастыру, өзіне, басқаға сын көзбен қарап, баға беруге үйретеді. Оқушылар өз ойларын, өздері байқаған ақпараттарды өз сөздерімен айта алады. Бұл сатыда оқушылар бір-бірімен әсерлі түрде ой алмастыру, ой түйістіру, өз үйрену жолын, кестесін жасау мақсатында басқалардың әр түрлі кестесін біліп үйренеді. Бұл үйрену сатысы – ойды қайта түйіп, жаңа өзгерістер жасайтын кезең болып табылады. Әр түрлі шығармашылықпен ой түйістіру болашақта

қолданылатын мақсатты құрылымға жетелейді. Осы кезеңді тиімді етуге лайықталған “Бес жолды өлең”, “Венн диаграммасы”, “Еркін жазу”, “Семантикалық карта”, “Т кестесі” сияқты стратегиялар әр сабақтың ерекшелігіне, ауыржеңілдігіне қарай лайықтала қолданылады. Сыни ойлауды дамыту технологиясының дәстүрлі оқытудан басты айырмашылығы білімнің дайын күйінде берілмеуі. Нақты жағдайда «мынаны 70 пайызын былай жазу немесе айту керек» деп көрсетпей, оқушының өзінің шығармашылық ойлауының орын алуына мүмкіндік беру, шешім қабылдауға үйрету, жауапкершілігін арттыру. Сабақта бақылау - бағалау қызметін қолдану әдістерінің бір түрі «Синквейн». Синквейн – сабақта білімгерлердің танымдық белсенділігін жандандыру әдістерінің бірі. Синквейн – бұл 5 қатардан тұратын өлең жолдары, нақты тақырып бойынша пысықтауда ауқымды ақпараттарды қысқа сөйлем, көрініс арқылы баяндауды талап етеді. Қазақ тілінде синквейн әдісі оқыту міндеттерін шешуге көмектеседі.

Қорытындылай келе, пәнге деген қызығушылықты арттыруда ең көп қолданылатын тиімді тәсіл сабақтағы қолданылған әдіс-тәсілдер деп айтсам артық болмайды. Сабақтың тартымды өтуі, ұтымды тәсілдерді дұрыс қолдана білу бізден, яғни бүгінгі оқытушыдан ізденісті талап етеді. Сондықтан алдымызға бір мақсат қоя отырып, сол мақсатқа жету жолында шәкірттердің жүрегіне жол тауып, әрекеттендіре білу шеберлігіне жетсек, егемен елдің ұл-қыздары білімді де білікті болып шығары сөзсіз. Соның арқасында біз бәсекеге қабілетті, іргесі мықты ел боламыз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы, 2017ж
2. Педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы бойынша Мұғалімге арналған нұсқаулық, Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2017 ж
3. Негізгі және жалпы орта мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық. Оқу-әдістемелік құрал. 2017ж

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Жамалова Майя Суниятовна

Ақтөбе облысы, Қобда ауданы, «Жанаталап негізгі мектеп-бөбекжайы»,
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Аннотация. Мақалада цифрлық технологиялардың қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында қолданылуының тиімділігі мен маңыздылығы талқыланады. Цифрлық платформалар мен мобильді қосымшалардың, аудио-бейнемазмұндардың және интерактивті әдістердің оқушылардың білімін арттырудағы рөлі қарастырылады. Оқытудың визуалды және аудио материалдар арқылы жүргізілуі, сондай-ақ электронды оқулықтар мен онлайн ресурстардың қолданылуы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытып, білімді терең меңгеруге ықпал етеді. Сонымен қатар, цифрлық технологиялар мұғалімдерге оқушылардың жеке дамуын бақылап, оқу процесін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Мақала цифрлық технологиялардың қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарын жандандырып, оқу процесін заманауи әрі қызықты етуге маңызды әсер ететінін көрсетеді.

Негізгі сөздер: цифрлық технологиялар, қазақ тілі, қазақ әдебиеті, интерактивті сабақтар, электронды оқулықтар, онлайн ресурстар, мобильді қосымшалар, визуалды және аудио материалдар, білім беру, оқушылардың дамуы, оқу процесі.

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінде цифрлық технологиялардың рөлі барған сайын артып келеді. Олардың қолданылуы білім сапасын арттыруға, оқушылардың қызығушылығын оятуға, сондай-ақ оқыту процесін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәнінде цифрлық технологияларды қолдану, әсіресе, тіл мен әдебиетке деген қызығушылықты арттырып, оқыту әдісін жана деңгейге көтеруге көмектеседі.

1. Цифрлық платформалар мен қосымшалар. Қазақ тілі мен қазақ әдебиеті сабақтарында түрлі цифрлық платформалар мен қосымшаларды қолдану оқушылардың

тіл үйрену процесін жеңілдетеді. Мысалы, «Google Classroom» немесе «Moodle» сияқты платформалар арқылы мұғалімдер оқу жоспарларын, тапсырмаларды, тесттерді және ресурстарды онлайн режимде бөлісе алады. Бұл оқушыларға үй тапсырмаларын орындау, оқу материалдарын қайталау және мұғалімдермен байланыс орнату мүмкіндігін береді.

Сонымен қатар, «Quizlet» немесе «Kahoot!» сияқты интерактивті қосымшалар оқушылардың лексика мен грамматика тақырыптарын бекіту үшін қолданылады. Бұл қосымшалар оқытуды ойын түрінде ұйымдастырып, оқушылардың белсенділігін арттырады.

2. Визуалды және аудиоматериалдар. Қазақ әдебиетін оқытуда цифрлық технологиялар арқылы аудио және бейнемазмұндарды қолдану өте тиімді. Әдеби шығармаларды тыңдау немесе көрнекі бейнемазмұнды көру оқушыларға шығарманы тереңірек түсінуге және оның мазмұнын көзбен көруге көмектеседі. Мысалы, қазақ әдебиетінің көрнекті шығармалары бойынша дайындалған бейнемазмұндар немесе аудиокітаптар оқушыларға әдеби шығарманың авторы, оның өмірі мен шығармашылық жолы туралы мағлұмат береді.

3. Интерактивті сабақтар және онлайн ресурстар. Цифрлық технологиялар сабақтың интерактивті болуына мүмкіндік береді. «Padlet», «Nearpod» сияқты платформалар арқылы мұғалімдер түрлі тақырыптар бойынша интерактивті постерлер мен тақырыптық талқылаулар ұйымдастыра алады. Оқушылар өздерінің пікірлерін бөлісіп, сұрақтарға жауап беріп, топтық жұмыс жасау мүмкіндігін алады. Бұл әдіс оқушыларды сыныпта белсенді қатысуға ынталандырады.

4. **Электронды оқулықтар мен оқу материалдары.** Қазақ тілі мен қазақ әдебиетіне қатысты электронды оқулықтар мен оқу материалдары оқушыларға теориялық білім алуға және өз бетімен ізденуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, электронды оқулықтар арқылы мәтіндерді оқып, аудио немесе бейне материалдарды тыңдай отырып, әдеби шығармаларды терең зерттеуге болады. Мұғалімдер бұл материалдарды сабақ барысында тиімді пайдаланып, оқушылардың қызығушылығын арттырып, оқу процесін жандандыра алады.

5. **Оқушылардың жеке дамуы мен бақылау.** Цифрлық технологиялардың тағы бір маңызды аспектісі — оқушылардың жеке дамуын бақылау. «Edmodo», «Google Forms» сияқты құралдар арқылы мұғалімдер әр оқушының білім деңгейін бақылап, оқытудың нәтижелерін талдай алады. Бұл мұғалімдерге әр оқушының жеке жетістіктерін бағалауға, қиындықтарын анықтап, қажет болған жағдайда көмек көрсетуге мүмкіндік береді.

Цифрлық технологияларды қазақ тілі мен қазақ әдебиеті сабақтарында қолдану білім берудің сапасын арттыруға, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін

дамытуға және олардың тілге деген қызығушылығын оятуға ықпал етеді. Технологияларды тиімді пайдалану арқылы мұғалімдер сабақтың тиімділігін арттырып, оқушылардың білім алу процесін қызықты әрі интерактивті ете алады. Осылайша, цифрлық технологиялар білім берудің жаңа дәуірін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Абдуллина, К. А. (2020). «Цифрлық білім беру технологиялары: теориясы мен практикасы». Алматы: Қазақ университеті.
2. Бейсенбекқызы, А. (2021). «Қазақ әдебиеті сабағында жаңа ақпараттық технологияларды қолдану». Алматы: Дайк-Пресс.
3. Құдайбергенова, Ж. М. (2019). «Қазақ тілін оқытуда цифрлық технологияларды қолданудың тиімділігі». Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия университеті.
4. Көшерова, Н. Б. (2021). «Жаңа технологиялар арқылы қазақ әдебиетін оқытудың әдістемесі». Түркістан: Түркістан университеті.
5. Омарова, Н. А. (2022). «Қазақ тілін оқытудағы инновациялық әдістер мен цифрлық технологиялар». Алматы: Қазақ тілі мен әдебиеті қоғамы.



АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫ ТІЛДІК ҚАТЫНАСҚА ҮЙРЕТУ ЖОЛДАРЫ



Жубатова Заура Жайлаубаевна

Ақтөбе қаласы, «№47 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ,
ағылшын тілі пәні мұғалімі

Ағылшын тілі бірінші дүниежүзілік әмбебап тілі болып табылады. Еліміздің тарихында болып жатқан әлеуметтік - экономикалық, мемлекеттік зор ұлттар мен ұлыстардың бір-бірін түсінуіне халықаралық сипат алған ағылшын тілінің өзіндік рөлі зор. Қазіргі таңда мектептерде жаңартылған бағдарлама бойынша ағылшын тілі бастауыш сыныптардан бастап оқытылуда. Негізінен ағылшын тілін ерте жастан оқытудың мақсаты – оқушылардың ағылшын тілінде қарым-қатынас жасай алу негіздерін меңгеру болып табылады. Ағылшын тілін оқыту оқушылардың коммуникативті даму біліктілігін арттырады, оқушылардың қызығушылығын оятуға мүмкіндік береді, бірден көп тілдерде сөйлеуге мүмкіндік алады. Ал әлемдік тіл ретінде бейресми түрде орныққан ағылшын тілін меңгеру ұлттың бәсекеге қабілеттілігін шындай түседі. Шет тілін оқытуда басты рөлін түсіну үшін, білім беру мекемелерінде мұғалімдерге оның негізгі әдіс-тәсілдерін, құрылымын жақсы білуі керек. Ағылшын тілін үйретуде сөйлеу мен тыңдау дағдыларын дамытуға көптеген оқулықтарда әртүрлі әдіс-тәсілдер көрсетілген. Шет тілін оқытудың тиімділігін тек қана білім алушыларға байланысты емес, оқыту стратегиясына байланысты. Стратегиялардың үйлесімімен ең жоғары тиімділікке қол жеткізуге болады. Бұл мақсатқа жету үшін ең басты фактор мыналар: мұғалімнің білім алушыға немесе оқушыға деген педагогикалық іс-әрекеттің тиімділігін жетілдіру және сабақтағы әлеуметтік-психологиялық бірлестік жағдайындағы қарым-қатынасы. Тілді үйрену сабақтарында оқушыларды тыңдау, оқу, жазу, сөйлеу дағдыларын дамыту сабақ барысында жүзеге асырылуы керек. Жазудан

гөрі оқушыларды тыңдап түсінуіне, сөйлеуіне көбірек назар аударылады, өйткені балалардың басым көпшілігі есту, көру арқылы есте сақтайды. Қойылған мақсаттарға жету үшін оқушылардың сөйлеу дағдыларын жетілдіру, дамыту және сабақта ойын түрлерін қолдануы керек. Өйткені, ойын - көңіл-күй, ойлау күштерін талап ететін, ұйымдастырылған сабақ болып табылады. Оқушылардың қабілеттерін дамыту үшін өлең қолданылады. Әндердің оқушылар үшін қызығушылығы мынада: олардың не жайында айтылатында, қандай әуен түрінде орындалатындығы. Әндер оқушыларға бірдеңе жайлы хабар береді, қызықтырады, тілдік қарым-қатынаста бірінші орынды алуға итермелейді. Оқушылар шығармашылық жұмыс арқылы, белгі бір суреттерді салып және жазып, сурет бойынша сөйлейді. Бұл әдісте оқушының дағдысы қалыптасып, қызығушылығы артады. Осыдан келе сурет салу барысында ән қосымша орындалса, оқушылардың көңіл-күйлері көтеріліп, сабаққа деген ынталары, қызуғушылықтары артады. Оқушылар өленді үйрену барысында, дене мүшелері мен сезім мүшелерінің, ағылшын тіліндегі атауымен танысады. Бұл эстетикалық мотивация. Эстетикалық мотивация – ойлауды дамытады, көңіл-күй, ойлау, жағымды сезімдерді қалыптастырады. Бұлардың барлығы тілді үйрету үдерісінде жүзеге асады. Аталған дағдылар: айту дағдыларын жетілдіреді, дауыс ырғағы және ырғақ артикуляциясындағы нақтылықты жетілдеру мүмкіндік береді, шет тілі бойынша тілін, сөздік қорын байытады, тыңдалым, айтылым, жазылым, оқылым біліктілігін арттырады, монологтық, диалогтық айтылуларды қалыптастырады. Оқушылар диалог әдісін қолдана отырып

талқылау, білімді бірлесіп құру, түсіну мен дағдыларды қалыптастыру арқылы білім алады. Оқушылар сұрақтар қою арқылы, тақырып бойынша өз ойларын айтуға мүмкіндік алады. Өзара талқылау арқылы түрлі ойлар болады, сұхбаттасу арқылы өз ойларын дәлелдеуге тырысады. Диалогтік тәсіл оқушылардың ашылуына, ойын жеткізуіне, сөздік қорының молаюына көмектеседі. Ғылыми зерттеу нәтижелері сабақта диалогтің маңызды рөл атқаратынын көрсетті. Мерсер мен Литлтон (2007) өз еңбектерінде диалог сабақта оқушылардың қызығушылығын арттырумен қатар олардың білім деңгейінің өсуіне ықпал ететінін атап көрсетті. Выготский кіші жастағы балаларда когнитивті даму әрекеттері әлеуметтік қарым-қатынас үдерісінде, яғни анағұрлым қабілетті оқушылармен араласу, қоршаған ортамен өзара қарым-қатынас жасау арқылы оқушыларды ересектерше ойлау әдісіне үйрету кезінде қалыптасатын оқушы ретінде суреттейді. Сонымен қатар Выготский когнитивті дамудың, оқушылар өздерінің «Жақын арадағы даму аймағында» жұмыс істесе жақсаратындығын атап көрсеткен. Диалог барысында оқушылар нәтижеге жету үшін күш жұмсайды және Мерсер (2000) сипаттағандай білімді бірлесіп алуда және пікір алмасу барысында тең құқылы серіктестер болып табылады. Пікір алмасу

оқушылармен диалог құру арқылы жүзеге асады. Диалогтің өзі сабақ өту кезінде әр түрлі әдіс арқылы жүзеге асады. Мысалы : сұрақ — жауап, рөлдік ойын, тапсырманы орындату, жұптық жұмыс, диалогтік мәтінді оқу. Аталған дағдыларды қолдана отырып, оқушының бойына сіңірген кезде ғана, оқушылар тілдік қатынасқа түсіп, еркін сөйлеуге дағдыланады.

Қазақстан халқының лингвистикалық капиталын дамыту мақсаты мемлекеттік тілге қоса еліміздегі басқа да тілдерді оқып-үйренуді міндеттейді. Бұл мақсаттың аясында қазақ жұртын мекендейтін халықтардың тілдерін дамыту міндеттелген. «Өзге тілдің бәрін біл, Өз тіліңді құрметте!» деген Қадыр Мырза Әлидің әйгілі өлеңінде лингвистикалық капиталдың негіздемесі жатыр. Өзге тілді білсең — өрге шығасың, Өз тіліңді білсең, төрге шығасың. Елдің ертеңгі өресі биік, дүниетанымы кең, кемел ойлы азаматтарын өсіру үшін бүгінгі ұрпаққа ұлттық рухани қазынаны әлемдік озық ой-пікірімен ұштастырған сапалы білім мен тәрбие берілуі қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1) Қазақстан Республикасының Президентінің Жолдауы
- 2) «Айқын» газеті, жаңа басылым «Еліміздегі ағылшын тілінің рөлі»
- 3) Шетел тілін оқыту әдістемесі №3 2021ж



ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚОЛӨНЕР ТАРИХЫ

Жұмағалиев Бекнұр Бақтығалиұлы

Атырау қаласы, «№36 мектеп-гимназиясы», көркем еңбек пәні мұғалімі

Ағаш – адам баласы жер бетінде пайда болған кезде ең алғаш тұтынған материалдардың бірі болып саналады. Ағаш – адамның ежелгі жасыл досы. Ол ата-бабаларымыздың бірінші қолға алған қаруы да, отыны да осы ағаш болған. Қазіргі ғылым мен техниканың қарыштап өскен заманында біздің күнделікті өмірімізде ағаштың алатын орны зор.

Қалтамыздағы сіріңкенің бір тал шырыпысынан бастап, кең байтақ еліміздің шартарабында жүріп жатқан алып құрылыстарда ағашсыз көп ісіміз ақсап жатқан болар еді.

Батыс Қазақстанда ағашқа әшекейлі ою жасау тәсілі бір түрлі болса, Орталық Қазақстанда, оңтүстікте басқаша. Біреулерінде ағаштан ою тік ойылып алынса, кейбіреуінде үшкілденіп келген жатық оюлар ұшырасады. Халық шеберлері ағаштан ойып әр түрлі ыдыстар да дайындайды. Сондай-ақ астау, тостаған, ожаулардың алуан түрлерін жасайды. Сондай-ақ қазақ шеберлері жиһаз да жасаған. Оның алдыңғы жағына қараған бетін ғана әшекейлеп оюлаған да екі жаны, үстіңгі беті жай ғана тақтадан қағылған. Сандық, кебеже, жүк аяқ, кереует сияқты қазақ жиһаздары көшпелі өмірге бейімделген, көшіп-қонуға жеңіл әрі ықшамды етіп жасалады. Ағаш оюшылар халық оны ағаш ұстасы деп атайды, түрлі оюлармен кереуеттің ағаш бөліктерін, кебелерді безендірген, тостаған, саптыаяқ, ожауларды, астауларды ойған, ер тоқым жасаған.

Ағаш – табиғатта өте жиі кездесетін өсімдіктердің бірі болғандықтан, адам өнеріне тигізетін пайдасы көп, алар орны бөлек. Сондықтан болар, біз ағашты күнделікті өмірімізде жиі пайдаланамыз. Атап айтқанда ағашсыз құрылыс өз жұмысын бастамайды, жиһаз фабрикалары үстел, орындық, камод, шкаф, шифоньер жасай алмайды, күнделікті тұрмыста қолданатын ыдыс – аяқтың көбі осы ағаштан жасалады. Басқа шикізаттарға қарағанда әртүрлі

мүліктер жасауға да өте қолайлы, тез өнделетін жұмсақ, жас күнінде былқылдақ, июге, тоқуға, ойып – шабуға келгенде теңдесі жоқ материал. Ағаш өңдеу өнерінде шеберлер көп құрал – саймандарды қажет етпеген. Темірара, балта, шаппа шот, бұрғы секілді негізгі құралдарды пайдаланған.

Қазақстанның алқапты аймақтарында, сулы, кең байтақ далаларында жасыл орман – тоғайлар өте көп кездеседі. Биік зәулім бәйтеректер, сымбатты сұлу ақ қайыңдар, былқылдаған талдар, теңдесі жоқ жуан қарағайлар мен емен, үйеңкі бәрі далаға ерекше сән көрік береді. Бірі қатты, екіншісі жұмсақ болып келетін бұлар жасалынатын зат – мүлікке сәйкес таңдалып отырған. Ағаштың осы жақсы табиғи ерекше қасиеттерін пайдалана отырып, шеберлер күнделікті тұрмыс қажетін өтеуге қолданылатын дүние – мүліктер жасап халықтың мәдени қорын байыта түскен. Ағаштан түйін түйген шеберлердің қолынан ыдыс – аяқ, ағаш төсек, жүк – аяқ, киіз үйдің сүйегі, арба, шарбақ және тағы басқа заттар шыққан. Халық шеберлері, ұсталары ағаштан тек үй шаруашылығына қажетті бұйымдар ғана жасап қоймай, оларды әшекейлеуді, безендіруді, мәнерлеп оюды, көркемдеп қашауды, шабуды және ағаш бетіне нақыштап өрнектер салуды шебер игерді. Өнердің бұл түрімен ата – бабамыз сонау сақтар дәуірінен бастап айналысқан (б.з.б. VI – VII ғасыр).

Ағашты қолымызға таяқ қылып ұстаған күннен бастап, көптеген қасиеттерін игеріп, кеңінен пайдаландық. Олардың әрбір түрінде, қиынды кесіндісінде өте әдемі табиғи көркем сурет бар екеніне көзіміз жетті. Осы қасиеттерін жұмыс барысында қашап кескенде, бояғанда ағаш шеберлері ескеріп, орнымен пайдаланып отырған. Емен, терек, қайың, секілді ағаштарды Солтүстік аудандарда толық пайдаланып, оның ішінде

қызыл қайыңды жақсы табиғи көркем суреттері үшін жиһаздар, үй мүліктерін жасағанда ерекше сақтап бағалаған. Олардың түрлерінен ердің қастарын қашап, шапса, діңнен ыдыс – аяқ жасаған және оларды әсем оюлап, өрнектеп безендірген. Ал орталық, шығыс аймақтарда алма, акация, ырғай, алмұрт ағаштарын кеңінен қолөнер жұмыстарында пайдаланған.

Кебеже, сандық, жүк – аяқ, қобдишалар жасау үшін алма мен жаңғақ ағаштарын, ал музыка аспаптарын жасауға тал, қарағай, алма, арша ағаштарын таңдады. Терек, қарағай, үйеңкі, емен секілді ағаш түрлерін көлемді құрылыс қажеттеріне өтетін бұйымдарға пайдаланды.

Археологтарымыз темірден жасалынған дүниелермен қатар көптеген ағаштардың да істелген бұйымдарды Алтайда «Пазырық» қорымынан тапты. Осы заттардың беттерінде қойдың, бұланнның, бұғының және қасқырдың бейнелері ойылып бедерленгені байқалады. Бұйымдардың беті алтынның жұқа қабаттарымен қапталып, әсем оюлармен әшекейленген екен. Табылған дүниелердің көбі реалистік өмірді бейнелесе, ал кейбіреулері өте қарапайым халық қиялынан туған бейне мен рәміздік түрде берілген.

Алтай жерінде кездескен осы заттардың біздің дәуірімізге дейін II – III ғасырда жасалғандығы анықталды. Ағаштан жасалған оюлар өзімізге белгілі «Қошқар мүйіз», «Атбас» оюларының негізінде жасалғанын айқын көреміз. Қазақстанның қай жерінде болмасын бұл оюлар кеңінен таралған жиі кездеседі және мәдениеттің, өнердің дамуына маңызды рөл атқарады. Жапырақты ұсақ өрнекпен безендірілген ағаш – аяқ Іле өзенінің маңындағы тас жолдардан табылды. Ыдыстың ернеуі түрлі оюлармен безендірілгені байқалады. Өткен дәуір мен қазіргі кезеңді салыстыра қарасақ, ағаш өнерінің қолдану аясы барған сайын кеңейіп, жасалу әдістері күрделеніп жетіле түскеніне кейбір зерттеушілер мен саяхатшылардың күнделіктері мен еңбектерінен, суретшілердің бейнелеу, графикалық жұмыстарынан оқып көз жеткіземіз. Семей өңірінде болған суретші В.Н. Белослюдов үй тұрмысында пайдаланылған көптеген заттардың суретін салып қалдырған. Ою - өрнектің аса шеберлікпен орындалғанын төсек, қобди

кабаты сөрелерден аңғарып қазақтың ағаш өңдеу өнері өрісінің кеңіп бірте – бірте дамығанын байқаймыз. Қазақстан жерінде ағаш өңдеу өнерінің көне заманнан келе жатқанын бұйым түрлерінен, ою - өрнектердің стилінен байқауға болады. Оларға қазақы үй, ер тоқым, ағаш төсек, ағаш жастық, жүк – аяқ, кебеже және жүк – аяқ, ыдыс-аяқ түрлері жатады.

Ағашты көркемдеп өңдеу технологиясы. Ағаштан жасалған бұйымдарды көркемдеп өңдеудің ең ежелгі түрі оған өрнек ою болып табылады. Адам баласы ғасырлар бойы өзінің тұрғын үйін, ат әбзелдерін, қолөнер бұйымдарын ою өрнекпен көркемдеп безендіріп отырған. Мысалы, сақтар кезеңінде ағашқа бедерлеп мүсіндеу өнері кең етек алған. Ағаштан ойып жасалған шағын мүсіншелермен сақтар ер-тұрман әбзелдерін көркемдеген, ағаш бұйымдарын безендірген болатын. Өрнекті оюдың бірнеше тәсілі бар. Соның бірі — геометриялық бейнедегі өрнек. Мұндай өрнек ағаш бетіне геометриялық сурет салу арқылы жасалады. Олар үшбұрышты, төртбұрышты немесе шаршыны бірнеше үшбұрышқа бөлу арқылы өрнектеледі. Мұндай өрнектер өте шағын әрі кішкентай ойықтар болғандықтан, оларды құмқағазбен тазалау немесе әрлеу өте қиын. Сондықтан өрнекті орындау сапасы пышақпен қашаудың өткірлігіне тікелей байланысты болады.

Екінші тәсіл — өрнекті жұқалай тіліп салу әдісі. Мұндай өрнекті салғанда оның ізін пышақпен тіліп, өрнектің жиектерін көлбеулей жұқалап жонып алады. Бұл тәсілдің ерекшелігі, мұнда нобайы бойынша өңделетін бейне шет жақтарынан да өңделеді. Сондықтан да өрнекті жұқалай тіліп салу әдісі алынады. Мұндай оюды бірнеше әдістермен орындайды:

- біріншіден, өрнектің жиектерін дөңестеп, жұмырлай жиектеп, өрнекке кеңістіктегі көрініс беріледі;
- екіншіден, өрнектің сыртқы жиегін өрнек денесінің ортасынан да ойықшалап бедер беріледі;
- үшіншіден, бірінші және екінші әдіспен орындалған өрнектің түбін (фонын) бедерлеу, бедерді өрнектің мәніне қарай таңдап, бедер беру тәсілімен орындайды.

Өрнекті тақтай бетінің бір шетінен бастап салу әдісі. Тақтайдың өрнек салынатын бетінің көлеміне қарай сызылатын өрнек үлгінің көмегімен симметриялы жиек етіп салынады. Барлық жағдайда базалық жиек 5 мм-ден кем болмауы керек.

Салынатын өрнек тақтайдың бетіне симметриялы түсуі үшін тақтайдың бетіндегі бөлінген бөлшектер міндетті түрде жұп болуы керек. Сонда ғана өрнек иықтары бір бағытқа бағытталады. Тақтайдың бетін тең бөліктерге бөліп түсірілген сызықтар мен базалық сызықтардың шекарасында өрнектер ырғағы бір-біріне түйісіп тұрулары шарт.

Егер сызылатын өрнек өрнектелетін тақтайдың бетіне толық көшірілуі қажет болаған жағдайда, көшірме кальканың немесе үлгінің көмегімен көшіріледі

Ағашты кептіру. Адам ежелден-ақ ағаш кептіруде түрлі әдісті қолданған. Мысалы, қазақтар жаңа кесілген ағаштың қабығын аршып, ауа өтпейтіндей дәрежеде сиырдың жапасын жағып, көлеңке жерде бірнеше ай ұстаған, ал кейбір шеберлер күлдің астында сақтаған. Кең тараған тәсіл - жаңа кесілген су ағаштан бұйымды барынша болжамға келтіріп өндеп, оны 2-3 сағат суға салып қайнатқан. Сөйтіп ағаштың бойындағы химиялық заттардың бәрін сыртқа шығарған. Кейбіреулер суға ас тұзын қосады. Бұл тәсіл қазір де қолданылады. Өндірістік саланың дамуына байланысты қазіргі кезде ағаш арнаулы камералардың күшімен белгілі бір температурада кептіріледі. Кептірудің бірнеше түрі бар. Олар: атмосфералық, камералық, радиациялық беттестіру арқылы, жоғары ток өрісі арқылы және балқытылған ортада кептіру.

Ағашты сүргілеу. Ағаш бұйымдардың беті тегіс болу үшін, оны сүргілейді, ол арқылы ағаштың қажет пішіні мен өлшемі алынады. Сүргілеу барысында ағаштың бетінен оның жұқа қабаты алынып тасталады. Оны жоңқа деп атайды. Сүргілеу аспаптарының да түрлері көп. Олардың ең көп тараған түрлері – сүргі, шерхебель және фуганок. Шерхебель пышағының жүзі доға тәріздес дөңес келсе, фуганоктың пышақ жүзі түзу сызық сияқты болады. Шерхебельмен алғашқы дөрекі өңдеу жұмысы жүргізілсе,

сүргімен таза (тегіс) өңдеу жұмысы орындалады. Фуганок – жалпақ беттерді тазалап тегістеу үшін қажет аспап. Оның ұзындығы кәдімгі сүргіге қарағанда бірнеше есе үлкен, сондықтан онымен ұзын, жалпақ ағашты сүргілейді. Сүргіленген кезде күштің бәрі қолыңа түссін де, денені көп қозғалтпа. Алғашқы сүргілеуде сол қолыңа көбірек күш түсіріп, төсемнің алдыңғы жағын басыңқыра, содан соң екі қолыңа бірдей салмақ салып, соңында салмақты төсемнің арт жағына ауыстыр.

Ағаш ою құралдары. Ағаш материалдарын қарапайым өңдеу үшін, балташы қашауларды, сүргілерді, бұрғыларды, балға түрлерін пайдаланады. Ал материалды көркемдеп өңдеуге арнайы дайындалған құрал түрлерін қолданады. Олар: тік жүзді өткір қашаулар мен жартылай ойықша келген қашаулар. Қашаулардың жүздері 6 мм-ден 32 мм-ге дейін жетеді. Ағаш материалдарын оюға қажетті басты құралдар - қашау мен үшкір пышақ. Ең көп қолданылатын қашау түрлері: үшкір пышақ, тік жүзді және ойық жүзді қашау құралдары және олардың ойған пышақ пен қашау іздері көрсетілген. Ағаш оюдың бірнеше тәсілдері бар.

Ағаш ою тәсілдері. Ағаш оюдың бірнеше тәсілдері бар. Негізінен оларды бедерлеп ою және жұмырлап ою деп шартты түрде екіге бөліп топтауға болады. Бедерлеп ою деп тегіс тақтаның бетіне өрнек салуды, шығыңқы етіп мүсіндік бейнелерді жартылай көлемімен мүсіндеуді, ағашқа бедерленетін барельефті атайды. Ал тұтас ағаштан шабылатын келі-келсап, аяқ-табақ, саптыаяқ, астау, ожау сияқтыларды жасау арқылы жұмырлап ою тәсілін үйренеміз. Бедерлеп оюдың өзі де орындалу әдіс-тәсілдеріне қарай әр түрлі келеді. Егер тақтаға өрнекті тіліп түсірсең, жосықтау деп, қашау ізін тік салсаң, қиып ою деп, қашау жүзін көлбеу салып нұқи ойсаң, кертіп ою деп атағаның дұрыс. Ал ағаш ою үшін шеберхананың температурасы тұрақты, жел соқпайтын, ауасы құрғақ, қоналқы үйден оқшаулау болуы керек. Себебі ағаш ою - шулы жұмыс әрі керек-жарағы да, құрал-сайманы да көп. Ағаш оюға жарық түсуінің де әсері бар. Ағаш оятын орынға жарық қарсы алдыңнан немесе сол жағыннан

түспесе, бедердің көлеңкесі молайып, назарынды шатыстырады. Оның үстіне өткір құралдарды ұстаудың қауіпсіздік ережелері бар. Ол ережелерді де бұлжытпай орындамасаң, саусағыңды кесіп алуың әбден мүмкін. Себебі бедерлеп ою тікелей қол күшімен жасалады. Сондықтан бос қолыңды пышақ жүзі жүретін бағытқа апаруға болмайды. Ағаш ойған кезде жөке ағашын қолданған жөн, өйткені ол әрі жұмсақ, әрі тегіс болып келеді. Қиып ою, кертіп ою мен тік оймыштарды жартылай дөңгелектеу тәсілдерін көрсеттік. Жеке белгілер арқылы пышақ жүзінің түсу бағыттарын белгілейді. Сол әдіс-тәсілдерді мұқият қарасаң, пышақпен қалай жонып, қалай кесуді меңгеріп кетесің. Егер 3-4 мм-дей етіп, терең кертуге, кертілген жерді тағы да тереңдете оюға қолыңның шамасы келмесе, ағаш балғаны, шағын тоқпақты пайдаланып, яки қашауды керекті екпінмен соғу арқылы ойғыштауыңа да болады. Бедерлеп оюдың әдіс-тәсілі барлық халықта бірдей. Ағашты өрнектеуде қолданылатын ою кертпелерінің үлгілері, пышақ жосығының түрліше ізі, геометриялық пішіндерді ою тәсілдері берілген. Көрсетілген тәсілдерді дұрыс меңгерсең, суреттерде көрсетілген ою түрлерін орындап шыға аласың. Ағашты көркемдеп өңдеу барысында еңбекті қорғау мен оны ұйымдастыру ең маңызды мәселе осыны ұмытпаған жөн.

Ағаштарды қолөнерде пайдалану.

Ағаштан әсем, керемет жақсы бұйымдар, жиһаздар, ыдыс-аяқ, ер-тоқым, киіз үйдің сүйегін т.б. тұрмыс қажеттілігіне керекті заттар жасап шығару үшін, оның өсу процесінен бастап, оны кесіп, кептіріп дайындау жұмыстарын және де физикалық, механикалық негіздерімен қоса, оның табиғи биологиялық процестерін білу қажет. Ағаштың құрылысы: ағаш басқа өсімдіктен секілді бірнеше бөліктерден — жер астынан түбірі мен тамырларынан және жер бетіндегі діңі мен бұтақтардан тұрады. Түбір — тамырдың жалғасы, ағашты құлатпай тік ұстап тұру үшін және дің мен жапырақтарға жерден сумен минералды қоректік заттар, көмірқышқыл газын беру қызметін атқарады. Ағаштың - діңі — ағаштың ең негізгі бөлігі. Сондықтан ағаш өңдеу жұмысының барлық процестерінде пайдаланылады. Ағаштың

жоғарғы жіңішке бабын бөлікке бөлсе, төменгі жуан түбіріне жуық бөлігін екінші бөлікке жатқызады. Ағаш бұтақтары ағаштың ең жоғарғы бөлігінде орналасып, жапырақпен жалғасады. Ағаштың ішкі құрылысын жақсы білу үшін оны көлденең кесіп, микроскоппен қарағанда ғана түсініп толық мағлұмат алуға болады. Ағаштың өзегі әрқашанда ағаш діңі орталығында орналасып, түрі қоңырлау болып келеді, өзі бос борпылдақ тканьнен құралады. Ағаштың қабығы - олардың ең сыртқы қабаты ағашы ауырулардан, шаңтозаңнан, ауада кездесетін басқа да өзгеріс әсерлерден сақтап, қорғайды. Қабықтың өзі бөлікке бөлінеді: төз және тің болып, олар арқылы органикалық заттар ерітіндісі өтіп газдар алмасады. Ағаш сүрегі, ағаш діңінің негізгі бөлігін құрайды, ағаш діңі осы сүректің өсу көлеміне байланысты, сүрек әр түрлі клеткалардан тұрады. Ағаштың ісінуі - су, ылғал тиген кезде көлсін ұлғайтуы, ол әсем болмайды. Ағаштарды дұрыс сақтамағандықтан, дұрыс кептірмегендіктен олардың бойындағы ылғал әр түрлі кебеді. Жылуға жақын жеріндегі ылғал тез кебеді де, ал жылудан қашығырақ жағы кейінірек кебеді, осының салдарынан ағаш жарылып кетеді, іске жарамсыз болып қалады. Тез кепкенде, не су тигенде ағаштар өздерінің сыртқы және ішкі түрлерін өзгертеді. Балалар, ағашпен жұмыс істеу алдында әрқашанда ағаштарды мұқият тексеріп алған жөн. Түзу, жарылмай кепкен ағаш жұмыстың сапалығын арттырады. Жасаған бұйымдардың да әдемі болып шығуы осыған байланысты және кейін кеуіп, формасын өзгертпейді./3,79/.

Құрал-саймандар. Қазақ халқы ерте заманнан бастап тастан, ағаштан, сүйектен, мүйізден, темірден қарапайым саймандардың түрін жасай білген. Енді ағашты өңдеуге, әрлеуге арналған саймандардың бір тобы мыналар болып саналады:

Имек қашау-ұзындығы 25-30 см, сабынан дүзіне дейін темірден жасалған имектелген жеріне өткір дүз шығарады. Бұйымдардың ішін оюға арналған сайман. Тік қашау - ұзындығы 20-25см, дүзін немесе жұмыс бөлігі металдан істеп, сабын ағаштан жасаған, ағашты тесуге арналған құрал.

Шаппа шот - ағашты шауып қалыңдығын жұқартумен қатар әртүрлі

формаға келтіріп жөндейтін сайман. Оның имек басын металдан жасап, өткір дүз шығарады, сап орнататын ұнғысы болады. Шоттың басын тал, қайыңнан жасайды.

Аталғы шот - ағаштан жасалған ыдыстардың ішкі қуысын шауып жөндеуге арналған сайман. Оның дүзі жартылай доға тәрізді болады.

Үскі - ағаш-сүйек, шегерлердің орнын белгілеп тесуге арналған біз. Бұл біздің формасы үш қырлы, кейде төрт қырлы болады. Біздің жұмыс бөлігін темірден, сабын, ағаш мүйізден саптауға болады.

Тістеуік- ағаш, мүйіз, металл шегелерді қысып, суырып алуға арналған шағын қысқым. Бұл сайман металдан жасалады.

Балта - ағаш шеберлері балтаны атқаратын қызметіне қарай үлкен, кіші болғызып темір ұсталарына жасатып алады. Кішкене балтаны айбалта деп атайды. Балтамен көбінде ағаш бұйымдарды алғашқы жөндеуден өткізеді, дүзі өткір сайман.

Имек ыңғыру-қолға ұстауға ыңғайлы, жұмыс істейтін бөлігі имек, өткір дүзі бар, сабы ағаштан жасалған, қуыс бұйымдарының ішін әрлеп оюға арналған сайман.

Пышақ- жұмыс бөлігі металдан, сабы ешкі мүйізінен жасалған, бір жағына жүз шығарып өткірленген сайман. Пышақтың түрі өте көп. Ою - өрнек шығаруға, тері тарамысты жөндеуге, ағашты жонуға арналған пышақтың түрлері әр алуан болады.

Бұрғы- ағаш, сүйек, мүйіз, металл бұйымдарды тесуге арналған сайман. Бұл сайманды металдан істеп екі жағына қарама - қарсы дүз шығарып жасайды. Бұрғының түрі өте көп болады.

Қуыс құлақ - малдың құлағы тәріздес, екі жағы ұшына дейін дүзді, бұрғылап тескен тесікті үлкейтіп, кеңейтуге арналған ыңғырудың бір түрі. Қолдан жасап алуға ыңғайлы сайман.

Алашорда көтерген идеяның жауынгер жақтаушысы болды. Ұлт көсемдерінің соңынан еріп, қазақ халқына атар таң, келер жарық, сәуле, нұрды солардың есімімен байланыстырды. Сонымен қатар, қазақ зиялыларының 20-шы жылдардағы оқу-ағарту саласындағы қызметі қым-қиғаш тартыс, «идеялық күрес» жағдайында өтті. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында алаш қозғалысының зиялылары басымдылық жағдайда болғаны белгілі.

Ол туралы алаш қозғалысын зерттеушілердің бірі Хасен Оралтай Түркияда жарық көрген «Алаш-Түркістан түркілерінің ұлт-азаттық ұраны» атты еңбегінде: «Алашшылар, яғни, қазақ түріктерінен шыққан ұлтшыл азаматтар, өлкедегі маңызды қызмет орындарын өз қолдарына алып, ұлттық мақсаттары – түрік елінің тәуелсіздігі жолында адам шамасынан асатын күш-қайрат жұмсады. Біз, тұтас қазақ халқы, дүниежүзіне жеріміздің аумағымен, байлығымен мақтансақ, ұрпағына осындай қазына қалдырған Алаш азаматтарын әсте ұмытпағанымыз жөн. Жерге жетер, жерден өтер байлық жоқ. Екіншіден, барша қазақ жұртына үлгі-өнеге болар нәрсе – білімді де саналы, озық ойлы Алаш азаматтарының сол кезеңдегі пәлсапалық танымы, алға қойған мақсаттарына жету жолындағы қажымас ерік-жігері, қайсар мінезі. Өздеріне төнген қауіпті біле тұра, олар қазақ тағдыры, ұлт

тағдыры жолындағы игі істерге ержүректілікпен, қазаққа тән қайрат-намыспен бел шеше кіріскен еді. Саналы қазақтың барлығы мойындайтын айқын нәрсе – Алаш азаматтарының бізге қалдырған мұрасы – кең байтақ жер, терең ой, биік рух, қайсар мінез. Біз мұны қай кезеңде болмасын жадымыздан шығармай, қай деңгейде болмасын ашық айтуға тиіспіз. Президентіміздің Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласын жүзеге асыру аясында Алаштықтардың тарихын қайта жаңғырту игі іс деп есептеймін. Тәуелсіздікке қолы жеткен қазақ жұртына есімдері тарихқа беймәлім болып келген "Алаш" азаматтарының қайта оралуы халқымыздың сана сезіміне ерекше зор әсер етті. Рухани өмірімізге өлшеусіз күш берді. Қазақ үшін жан беріп, жан алысқан саяси күрестердің болғанын қазақ зиялыларының пікірлерінен айқын аңғаруға болады. Соңғы кездері ХХ ғасыр басында ғұмыр кешіп, қоғамдық саяси, құқықтық ой-пікірді дамытуға үлес қосқан қазақ қайраткерлері мен ойшылдары туралы бірнеше зерттеулер жарық көріп, тарихымыздың ашылмай жатқан беттеріне біршама сәуле түсіргендей болды.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев "Алаш" партиясының саяси әрекеттерін жоғары бағалап, өзінің "Тарих толқынында" деп аталатын кітабының бір бөлімін "Алаш мұрасы және осы заман" деп атады.

Елбасы "Алаш" партиясының жетекшілері ұсынған көптеген қағидалар күні бүгінге дейін өз маңызын сақтап отыр. "Алаш" партиясы жөнінде пікірлер өзінің ақиқатына дер кезінде жете қоймады. Қазақстан өз мемлекеттік дербестігін алғалы, ұлттық бостандықты мақсат еткен алаш зиялыларының арманы орындалды десек қателеспейміз.

Алдағы уақытта да бұл игі үрдісімізді жалғастыратын боламыз. Алаш ардагерлерін,

Алаш құндылықтарын насихаттау жан-жақты жүріп жатқанымен, бұл мәселе ғылыми, тарихи тұрғыдан әлі де болса толық қамтылмай жатқан сияқты көрінеді.

Алаш жұртының қасиеті мен қадірін танытатын ғылыми-танымдық, зерттеулер Қазақ ғылыми-зерттеу мәдениет институтының бас директоры Мақсат Тәжімұрат Алашорда тарихын зерделеуде жаңа көзқарастар мен құралдар қажет екенін айтты. Алашорада бойынша жалпы басталған зерттеулер жұмысы туралы көптеген құжаттар Мәскеу мұрағаттарында жатқанын сөз етті. Айтуынша, Мәскеудің 11 мұрағаттық қорларында Алашорда туралы құжаттар сақталған. Бірақ белгілі саяси себептерге байланысты қорлардағы мұрағат құжаттары кез келген адамның қолына берілмейтін көрінеді.

Өткен ғасырдың қыркыншы-елуінші жылдарындағы қысымның да астарлы себептерін әдебиетші барынша ашып көрсетті. Т.Жұртбай өзінің «Ұраным – Алаш!..» атты 3 томдық (2008-2011) іргелі зерттеу еңбегі мен «Алаш ақиықтары» атты сирек деректер жинағының негізінде біртұтас алаш идеясының тұжырымдамасын жасады. Жазушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Тұрсын Жұртбайдың «Ұраным — Алаш!..» атты бұл әфсанасы «Алаш» партиясы мен «Алашорда» үкіметінің үстінен 1927-1932 және 1937-1938 жылдары жүргізілген тергеу ісінің негізінде жазылған. Автор 1988-1991 және 1997

жылдары Мемлекеттік қауіпсіздік (қазіргі Ұлттық қауіпсіздік) комитетінің архивіндегі жүзден астам «мемлекеттік аса құпия құжаттармен», тергеудің сұрақ-жауаптарымен, «айыпкерлердің» көрсетінділерімен, айыптау қорытындыларымен танысып шығуға мүмкіндік алған. Он бес жылдан астам уақыт бойы ғылыми ізденістер жүргізіп, әйгілі «үштіктің» сотындағы айыптаулардың жалғандығын әшкерелейтін тың деректерді ғылыми айналымға түсірген. Түрме әфсанасына, сондай-ақ, тұтқынға алынғандарды тінту кезінде тәрگیленген хаттар мен құжаттар да пайдаланылған. Осыншама мол мұрағаттарды өзге де сирек деректермен жарыстыра талдап, кеңестік жазалау жүйесінің құпиялары мен қылмысты әрекеттерін ашады. Алаш ардагерлерінің тағдырына қатысты бұрын-соңды белгісіз боп келген, не қате тұжырымдар жасалған тарихи оқиғалар тергеу деректерімен жан-жақты салыстырыла талданып, тың пайымдаулар ұсынады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Н. Дулатбеков, Алаш ардақтылары, 2013 ж, 11 б
2. А. Боранқұл, Ө.Жолды Алаш қозғалысы, 2012 ж
3. Рақышев Е., Ұлтшылдардың астыртын ұйымы болған. Abai.kz. 20.01.2015. Сұхбаттасқан Жанысбай Т.
4. Беркімбаев А. Абыралы көтерілісі – Алаштықтар дем берген көтеріліс пе? // Общественная позиция – 2011. №46. 5-6 б.б.



ДОСЫ КӨПТІ, ЖАУ АЛМАЙДЫ

Бисенбаева Анаргүль Сериковна

Ақтөбе қаласы, «№4 «Балбөбек» бөбекжай балабақшасы», тәрбиеші

Мақсаты: Мектепке дейінгі жасындағы баланы театр түрлері арқылы шығармашылық және парасаттылық қабілеттерін жан-жақты дамыту. Балалардың сөздік қорларын байытып, жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуге тәрбиелеу. Театрлық іс-әрекет ертегілерді пайдалана отырып-ойын дамыту.

Тәрбиеші:

- Балалар, сендерге ертегі ұнайды ма?
- Ертегі тыңдағанды жақсы көресіңдерме?

- Қандай етегілер білесіңдер?

Сол кезде музыка мен Мыстан келеді.

Мыстан: - Мен қайда тап болдым. Мен сендердің бәрін өзімен бірге алып кетемін.

Тәрбиеші: - Жоқ, Мыстан сен не деп менің балаларымды алып кетесін. Дос болу керек.

Мыстан: Дос деген не? Мен білмеймін.

Тәрбиеші: - Білмесен қазір саған түсіндіреміз.

Арнат. Дос дегеніміз ол-жалғыз болсаңда жаныңда жүргендей сезінетін адам. Ол қатенді кешіретін, түсіністікті танытатын адам. Ол сен жайлы әрдайым жақсы ойлайды, оны ренжітсең қайта ақтауға тырысады.

Кәусар. Дос дегеніміз қолындағысымен бөлісетін, үнемі бірге жүретін, қиналғанда, бір-бірінің жанына табылатын адамдар.

Тәрбиеші: - Мыстан енді түсіндімбе дос дегеніміз не?

Мыстан: - Жоқ түсінбедім.

Тәрбиеші: Олай болса қазір менің балаларым саған достық туралы ертегілер сахнап береді. Сіз соңы қарап өзінің жасап жүрген әрекеттерімен салыстыр. (Сөйтіп Мыстан балалармен) ертегі сахналайды.

I. «Алдар көсе мен Шығайбай» ертегісін сахналау (қуыршақ театры).

Тәрбиеші: Балалар не білдіңдер бұл ертегіде? Бай саран болған, ал Алдар алдайтын болған.

Нұрханым.

Балдырған баламыз.

Досты көп табамыз,

Қашан да, қайда да,

Достар бір-біріне сенімді боламыз!

II. «Мақта қызбен мысық» ертегісі (аяқ ертегісі)

Бұл ертегіде не жайлы аталған Рахман айтағойшы.

Рахман. 100 теңген болғанша, 100 досың болсын.

Сергіту сәті:

Достар бірге жүреміз

Бірге ойнаймыз күлеміз.

Бірге балық аулаймыз,

Міне біздер қандаймыз.

III. «Дос іздеген бота» ертегісі.

Мыстан және бәрі кейіпкерлер достық туралы ән айтып шеңберге тұрады.

«Достық» әні.

Мыстан балалармен дос болады.

Мыстан. Балалар, сендерге көп рахмет. Сендердің арқанызда көп достар тауып алдым. Енді мен жақсы Мыстан боламын. Балалар мен енді ертегілер еліне қайтуым керек. Сау болыңдар.

Қорытындылау.

Достық деген алты әріптен құралған!

Достық деген бар арман

Доссыз болу, бұл жаман

Досың болса, бар бақыт!

ӘТЕШ ЖӘНЕ ОНЫҢ ОТБАСЫ

Демесинова Бахыт Абдихамидовна

Ақтөбе облысы, Алға ауданы, «№4 «Балбөбек» бөбекжай-балабақшасы», тәрбиеші

Смарт мақсаты: Балалар тауық, әтеш, балапан туралы түсінеді. Оларды ажырата білуді үйренеді. Үй құстарының өздеріне тән ерекшеліктерін атайды; құстардың дене бөліктерін ажыратады және атайды

Әдіс тәсілдер: Сұрақ жауап, әңгімелесу, ой қозғау, мадақтау.

Көрнекіліктер: Үй құстарының суреттері, қарындаштар, қыстырғыштар, жұмыртқалар, үй құстарының дауысы жазылған ұнтаспа.

Балалар шеңберге тұрып, бір біріне күлімдейді.

Қайырлы таң, Аспан ата!

Қайырлы таң, Жер ана!

Сәлем саған достарым!

Қайырлы таң апайлар!



Балалар, бүгін бізде ерекше сабақ. Қараңдаршы бізге қонақтар келіпті. Сабақты бастамас бұрын ауа райымен танысайық.

- Балалар, қазір қандай жыл мезгілі?

- Қыста не жауады?

- Қардың түсі қандай?

- Қардан не жасаймыз?

- Жарайсыңдар! Енді Нұрайым бізге қыс туралы тақпағын айтып береді.

- Жарайсың жаным! Өте тамаша айттың.

- Балалар өтетін тақырыбымыздың аты «Әтеш және оның отбасы» деп аталады.

- Балалар, бізді ерте тұрып оятатын не?

- Әтеш

- Дұрыс айтасыңдар! Бұл әтеш екен.

Әтеш үй құстарының бірі.

Әтеш әнге басады, әтеш ұйқы ашады.

Балалардың назарын суретке аударып, әтеш туралы сипаттау.

- Балалар әтеш қалай дыбыстайды? (экраннан көрсету)

- Балалар әтештің дауысын салады.

- Әтеш айқайлап, жанына нені шақырады? (Тауықты)

- Дұрыс тауықты шақырады (тауықтың суретін көрсету, сипаттау)

- Тауық қалай дыбыстайды? (экраннан көрсету) балалар тауықтың дыбысын салады.

- Балалар, тауық бізге не береді? (Жұмыртқа)



- Балалар тыңдаңдаршы, ненің даусы шығады? (балапандар даусы)

Балапандардың суретін көрсету. Балалар кәне бәріміз балапандарға жем салайық (балалар балапандарға жем салады)

- Жарайсыңдар, балалар! Кәне бәріміз балапандар болып сергіту сәтін жасайық.

Қолымызды жаямыз қанат қылып,
Адымдап жүреміз тауық болып.

Дән тереміз, шоқимыз

Ұшып- ұшып, ұшып- ұшып,

Орнымызды табамыз.

- Тамаша! Жақсы орындадыңдар. Серігіп алдық. Балалар тыңдаңыздаршы балапандар неге шулап кетті?

Сыни ойлау: балалар ойланады,

Бала үні: Балапандар су ішкісі келген.

Тәрбиеші: Дұрыс айтасыңдар. Олардың су ішкісі келген. Сол үшін анасы өзенге суға барады. Бірақ бір балапан тауыққа ілесе аалмай қалып қойды. Өзеннен өте алмай жатыр. Балалар енді не істейміз?

Балапан тауыққа жету үшін бәріміз бірге көпір жасаймыз.

II Ж ойын: «Балапандарға көпір жасау» (қарындаштармен)



Балалар қарындаштан көпір жасайды. Слайд арқылы экраннан әтештің суретін көрсету.

Балалар, қараңдаршы әтеш балапандардан шулаған даусын естіп алаңдай бастады. Балапанды іздеп орманға қарай жүгіреді. Бірақ орманның іші қап қараңғы, оларды көрмейді.

Балалар біз әтешке күн жасайық

Құрылымдалған ойын: «Күн жасау» (Монтесоррий технологиясы)

Балалар күннің шуақтарын қыстырғышпен іледі. Балаларды мадақтау.



Экраннан әтештің айқайлаған даусын есіту.

Балалар әтеш тауықты көрді және айқайлап шақырып жатыр. Бірақ тауық әтештің даусын естіп, жүгіріп келе жатқанда оның жұмыртқалары суға түсіп кетті. Енді судан жұмыртқаларын алып беру керек.

Еркін ойын: «Судан жұмыртқаны алу»

Суда тұрған жұмыртқаларды алып, ыдысқа салады.



Жарайсындар, балалар. Тауық сендерге риза болып, рахмет айтып жатыр.

Зерттеу жұмысы:

- Балалар сендер білесіңдер ме тауық бізге не береді?

- Жұмыртқа

- Ал енді осы жұмыртқадан не шығады?

Балалармен бірге жұмыртқаның ішін жарықты қосу арқылы бақылау.

Жұмыртқа ішінен балапан шығады.

- Жарайсындар балалар!



Қорытындылау:

- Балалар, бүгінгі оқу қызметімізде қандай үй құстары туралы айттық?

- Сендерге құстарға көмектескен ұнадыма?

- Ендеше, бүгінгі оқу қызметімізді аяқтаймыз. Сендер сабаққа жақсы қатыстындар. Сендерге көп рахмет. Балаларды мақтау (үш шапалақ)

БАЛАБАҚША ТӘРБИЕШІСІНІҢ БАЛА ӨМІРІНДЕГІ РӨЛІ

Джанзакова Саягуль Балхашевна

Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, «№5 «Айгөлек» бөбекжай-балабақшасы», тәрбиеші

Балабақша – бала өмірінің маңызды кезеңдерінің бірі. Бұл кезеңде балалардың физикалық, психологиялық және әлеуметтік дамуының негіздері қаланады. Тәрбиешінің рөлі осы кезде айрықша маңызды, себебі балабақша тәрбиешісі балаларға білім мен тәрбие берумен қатар, олардың тұлғалық дамуына ықпал етеді. Баланың алғашқы қадамдары мен жетістіктері тәрбиеші мен білім беру ортасына тікелей байланысты.

Балабақша тәрбиешісі баланың алғашқы ұстазы болып табылады. Балалар осы кезеңде тәрбиешілерінен көптеген өмірлік дағдыларды үйренеді. Олар алғашқы әлеуметтік қарым-қатынас дағдыларын, өзін-өзі басқаруды, өз пікірін айтуға үйренеді. Тәрбиеші балаларға әр түрлі ойындар, шығармашылық жұмыстар мен топтық тапсырмалар арқылы осы дағдыларды дамытуға көмектеседі.

Тәрбиешінің міндеті – балаларды білімге ынталандыру, олардың шығармашылық қабілеттерін ояту. Жаңа ақпаратты жеткізу барысында тәрбиеші балаларды қызықтырып, олардың қиялын, ой-өрісін кеңейтеді. Сондай-ақ, тәрбиеші балаға адами қасиеттерді үйретуге, тәрбиелеуге үлкен көңіл бөледі.

Тәрбиеші үшін ең басты міндеттердің бірі – балаларға жақсы үлгі көрсету. Балалар әрқашан үлкендерден үлгі алып, оларды бақылап үйренеді. Тәрбиеші өз іс-әрекеттерімен балаларға адамгершілік қасиеттерді, адалдықты, жауапкершілікті, еңбексүйгіштікті, ізеттілікті, тәртіптілік пен төзімділікті үйретеді. Осылайша, тәрбиеші балалардың болашақ өміріне үлкен әсер етеді.

Баланың алдына дұрыс мақсат қойып, оған жету жолдарын түсіндіріп, мақсатқа жету үшін еңбек етуге үйрету – тәрбиешінің маңызды рөлі. Тәрбиеші мен баланың

арасындағы сенімді қарым-қатынас бала өмірінде терең із қалдырады. Ол баланың болашақ өмірінде өз-өзіне деген сенімділігін арттырады.

Тәрбиеші баланың жеке қасиеттерін дамытудың жолдарын дұрыс бағыттай алады. Әр баланың психологиялық ерекшеліктері мен қабілеттерін ескеріп, тәрбиеші сол баланың дамуына ыңғайлы орта құрады. Бұл орта баланың өмірге деген қызығушылығын оятып, өз білімін арттыруға мүмкіндік береді. Әр баланың ерекшелігіне сәйкес жеке жоспарлар мен тапсырмалар құрып, олардың дамуын бақылап отырады. Тәрбиеші баланың өзін-өзі танып білуіне және оны дамытуына ықпал етеді.

Балабақша тәрбиешісінің рөлі бала өмірінде ерекше маңызды. Олардың дамуы мен білім алуы осы кезеңде басталады. Тәрбиеші балаларға білім ғана емес, сонымен қатар өмірге қажетті дағдыларды, адамгершілік құндылықтарды да береді. Балабақша тәрбиешісі - баланың тұлғалық дамуына, әлеуметтік дағдыларды меңгеруіне және оның жеке өмірінде жауапты тұлға болуына көмек көрсететін басты тұлға. Бала өміріндегі мұндай рөлді атқару арқылы тәрбиеші болашақ ұрпақтың жауапты, сауатты және адамгершілігі жоғары тұлға болып қалыптасуына зор үлес қосады.

Балабақша тәрбиешісінің бала өміріндегі рөлі тек білім мен тәрбие беру ғана емес, сонымен қатар баланың психологиялық дамуы мен адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруда үлкен маңызға ие. Ол – баланың алғашқы ұстазы, досы, қолдаушысы, өмірге деген қызығушылығын арттырушы әрі дұрыс бағыттаушы. Балабақша тәрбиешісі – бала өмірінің ең алғашқы қадамдарын жүзеге асыратын маңызды тұлға.

«БІРТҰТАС ТӘРБИЕ» БАҒДАРЛАМАСЫ – БАЛАНЫҢ ТҰЛҒАЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗІ

Жалгасбаева Гульсая Сандыбаевна

Ақтөбе қаласы, «№78 жалпы орта білім беретін мектеп - гимназиясы» КММ,
бастауыш сынып мұғалімі

Біртұтас тәрбие процесі – білім беру үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылады. Бұл тәрбие түрі баланың тек оқу мен білімге ғана емес, сондай-ақ адамгершілік, рухани және әлеуметтік даму бағыттарына да мән береді. Оқушының тұлға болып қалыптасуы үшін тәрбие мен білімнің біртұтас үйлесімі қажет. Баланың жүрегіне жол табу, оның ой-өрісін кеңейту, жан дүниесін байыту – ұстаздың басты мақсаты.

Біртұтас тәрбие – бұл оқушының әртүрлі қырларын дамытуды көздейтін жүйелі процесс. Білім мен тәрбие бір-бірінен бөлінбейді, олар өзара тығыз байланысты. Бала мектепке келген сәттен бастап, оның жан-жақты дамуына, тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған тәрбие жүреді. Бұл тек сабақты оқу ғана емес, сонымен қатар адамгершілік құндылықтарды, достық пен адалдықты, еңбекқорлықты, өзара құрмет пен төзімділікті үйрету болып табылады.

Біртұтас тәрбие процесі баланың барлық ішкі дүниесін қамтиды, оның мінез-құлқына, қарым-қатынасына, дүниетанымына, әлеуметтенуіне ықпал етеді. Мұғалім бұл жерде тек білім беруші емес, сондай-ақ баланың тұлғасын дамытудағы бағыттаушы, тәрбиелеуші болып табылады.

Бастауыш сынып мұғалімі ретінде мен білім мен тәрбиенің бірлігін әр сабақта сезіну маңызды деп санаймын. Оқушыларға тек теориялық білім беру жеткіліксіз, оларды өмірге, қоғамға дайын, рухани бай, ізгі ниетті азаматтар етіп тәрбиелеу керек. Мысалы, қазақ тілін оқытуда дұрыс сөйлей білу, әдебиет сабақтарында әдеби шығармалар арқылы адамгершілік құндылықтарды түсіну маңызды. Сонымен қатар, математика немесе жаратылыстану сабақтарында аналитикалық ойлау мен дәлдікке үйрету арқылы балалардың білімін нығайту қажет.

Мен балаларға әрдайым тек біліммен қатар, адамгершілік қасиеттердің маңыздылығын да түсіндіруге тырысамын. Тәрбиелік сабақтарда балалардың бойында еркін пікір айту, өз пікірін білдіру, командада жұмыс істей білу дағдыларын қалыптастырамын. Бұл оларды тек мектепте ғана емес, өмірде де табысты болуға дайындайды.

Біртұтас тәрбие жүйесінде ұлттық құндылықтардың орны ерекше. Әрбір бала өз ұлтының тарихын, мәдениетін, тілін білуі және құрметтеуі қажет. Бастауыш сынып мұғалімі ретінде мен балаларға туған жерін, салт-дәстүрлерін, ұлттық мұраларды таныстыруға, осы арқылы олардың бойында ұлттық мақтаныш сезімін оятуға тырысамын.

Мысалы, қазақтың ұлттық ойындары мен халық әндерін, күйлерін сабаққа енгізу арқылы балалардың ұлттық рухын көтеруге болады. Ұлттық әдебиетіміздің таңдаулы шығармаларын оқыту, ата-бабаларымыздың өмірі мен ерліктерін түсіндіру арқылы балаларға өз тарихын қадірлеу мен сыйлауды үйретеміз.

Біртұтас тәрбие жүйесі баланың тұлғалық дамуына зор ықпал етеді. Бала тек оқу барысында емес, күнделікті қарым-қатынас, әлеуметтік ортада да тәрбие алады. Бастауыш сынып кезеңі – балалардың мінез-құлықтары мен өмірлік дағдылары қалыптасатын ең маңызды кезең. Осы уақытта дұрыс жол көрсету, баланың сенімін ояту, оның күшті және әлсіз жақтарын анықтап, әрі қарай дамыту өте маңызды.

Баланың шығармашылық қабілеттерін ашу, ой-өрісін кеңейту, әлемге деген қызығушылығын арттыру – мұғалімнің міндеті. Әр бала өзінің жеке қасиеттері мен қызығушылықтарына ие, сондықтан оларды түсініп, әрқайсысына арнайы тәсілдер қолдану керек.

Біртұтас тәрбие – баланың білім алу ғана емес, оның жеке тұлға ретінде дамуына бағытталған процесс. Бұл тәрбие баланың рухани, адамгершілік, мәдени және әлеуметтік дамуын қамтиды. Бастауыш сынып мұғалімі ретінде мен өз жұмысымда білім мен тәрбиені қатар дамытуға, балаларды жан-жақты, ізгі азамат етіп тәрбиелеуге тырысамын. Осылайша, біртұтас тәрбие арқылы біз баланы тек білімімен ғана емес, моральдық құндылықтарымен де байытамыз. Болашақта олар елінің патриоттары, қоғамға пайдалы азаматтар болып өсетініне сеніміміз мол.

Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан жолы: 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» – Алматы: Білім, 2014.
2. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. «Педагогика» – Алматы: Атамұра, 2004.

3. Алдамұратова С. «Бастауыш сынып оқушыларына психологиялық көмек көрсету» – Алматы: Рауан, 2011.
4. Жұмабаев М. «Педагогика» – Алматы: Ғылым, 2010.
5. Ыбырай Алтынсарин. «Қазақ хрестоматиясы» – Алматы: Мектеп, 1977.
6. Халық педагогикасы. «Қазақтың ұлттық тәрбиесі» – Алматы: Қазақ университеті, 2007.
7. Молдабекова Т.Ш. «Бастауыш сынып оқушыларының дамуы мен тәрбиесі» – Алматы: Білім, 2013.
8. Водина Т.Е. «Педагогика: теориясы мен практикасы» – Мәскеу: Просвещение, 2012.
9. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі. «Қазақстан Республикасының білім беру туралы заңдары» – Алматы, 2018.
- Сағиева Г.Қ. «Педагогикалық технологиялар мен инновациялық әдістер» – Алматы: Өркениет, 2015.



КАЗАХСКИЕ НАЦИОНАЛЬНЫЕ ИГРЫ

Жеңісова Гүлназ Ақанқызы

Ақтөбе қаласы, «Ұ.Құлымбетов атындағы №64 ЖББОМ», дене шынықтыру пәні мұғалімі

Казахские национальные игры — это важная часть культурного наследия Казахстана. Эти игры не только способствовали физическому развитию и укреплению здоровья, но и играли значительную роль в социальном взаимодействии, воспитании характера, чувства ответственности и чести у молодежи. Многие из этих игр были связаны с навыками, необходимыми для жизни в условиях степи, такими как верховая езда, меткость, ловкость и быстрота реакции.

1. Кокпар

Одной из самых известных казахских игр является **кокпар**. Это командная игра, где две команды соревнуются за контроль над тушей козла, которую они должны перенести на сторону противника. Кокпар требует от участников отличной физической подготовки, умения управлять лошадью и силы духа. Игра символизирует мужество, сплоченность и силу народа.

2. Асык ату

Асык ату — это традиционная игра, в которой игроки используют маленькие камешки, называемые «асыки», чтобы сыграть в своего рода «битву». Цель игры — выбить асыки противника с круга с помощью бросков своих собственных асыков. Игра развивает ловкость, меткость и внимание.

3. Теңге алу

Теңге алу — это игра на ловкость и быстроту. Игроки должны поднять монеты (или другие маленькие предметы) с земли, при этом часто скача на лошади. Игра требует большой концентрации и точности движений.

4. Бүркітші (соколинная охота)

Хотя это не совсем игровая дисциплина, в прошлом казахи часто устраивали состязания по соколиной охоте, в которых

участвовали ловцы с ловчими птицами (соколами). Эти состязания демонстрируют умение работать в команде с животными и навыки, передаваемые от отца к сыну.

5. Жамбы ату

Это стрельба из лука по цели, которая подвешена на столбе или дереве. Игроки должны поразить маленькие мишени, что требует от них высокой меткости и ловкости.

6. Қыз қуу

Қыз қуу — это традиционные гонки, где участники (как правило, мужчины) преследуют женщин, которые стремятся убежать. Игра символизирует важность скорости, умения управлять лошадью и храбрости.

7. Алтыбақан

Алтыбақан — это игра, в которой участвуют две команды, и суть заключается в том, чтобы кататься на качелях, используя при этом свои силы и ловкость. Алтыбақан может быть веселым и жизнерадостным временем, часто играется на праздниках.

8. Сайыс

Сайыс - это традиционные борьба и состязания в силе и ловкости. Сайыс является не только физическим испытанием, но и способом продемонстрировать свою способность соблюдать принципы справедливости и чести.

Казахские игры сегодня продолжают сохранять свою популярность и являются частью культурного наследия страны, вовлекая молодежь в активный отдых и воспитание чувства патриотизма. На различных национальных праздниках, таких как Наурыз, часто можно увидеть состязания по этим играм, которые напоминают о богатой истории казахского народа.

КОНСУЛЬТАТИВНЫЙ ПУНКТ В ДЕТСКОМ САДУ - ОДНА ИЗ ФОРМ ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ С СЕМЬЕЙ

Кусмамбетова Ботагоз Куантаевна

Заведующая «ГККП Детский сад №33 «Нұрсәт» г. Ақтобе

В жизни каждого человека играет большую роль – семья. Первый институт детства, в которой формируются главные ценности личности ребенка. Каждая семья уникальна, уникальны и возможности рождения и воспитания детей. Семейное воспитание корректируется влиянием других социальных институтов. Только в семье ребенок получает тепло и любовь близких, уверенность в себе, положительные эмоции. В семье заложен огромный воспитательный потенциал, от того, что получил ребенок в семье зависит гармоничный рост и развитие ребенка, формирование его личности. С каждым годом все больше наблюдаем, что потенциал семьи используется не в полной мере, и этому есть много причин: занятость родителей, отсутствие знаний педагогики и образовательных методик, социальный уровень и др. Результат – нарушение социальной адаптации, развитие невротических отклонений, нарушение речи.

Молодые родители очень образованны, занимаются своим развитием, но не каждый изучает вопросы воспитания, психологии и физиологии, в вопросах воспитания часто поступают интуитивно. Замечая первые ошибки в развитии детей, родитель ищет квалифицированную помощь, опытного педагога, психолога. Не последнюю роль в просвещении родителей имеют социальные сети, телевидение, периодическая пресса, популярная литература, но большой ошибкой является консультирование без учета уникальности семьи. Ребенок развивается не только в семье, ему нужно общение, коммуницирование, активность, для этого нужен социум, развивающая среда без этого воспитание просто не будет полноценным. В этом вопросе большую ценность представляет детский сад, специалисты дошкольных организаций имея опыт работы и с родителями и с детьми, всегда помогут и

найдут индивидуальный подход к ребенку, дадут ценную консультацию родителю и получают обратную связь. Консультация для специалистов детских садов знакомая и эффективная форма работы.

Приоритетной задачей 2024-2025 учебного года является усиление педагогической поддержки родителей в вопросах качественного воспитания и развития детей на дому. В связи с этим предусматривают расширение деятельности консультативных пунктов в организациях образования для родителей неохваченных дошкольным воспитанием. В целях реализации статьи 30 Закона Республики Казахстан «Об образовании» Постановлением акима города Ақтобе, 16 марта в 2009 году в детском саду №33 «Нұрсәт» был открыт консультативный пункт для детей не посещающих детский сад. Консультативный пункт стал структурным подразделением нашего детского сада, с выделением отдельных штатных единиц:

Социальный педагог 1,0 ставка

Психолог 0,5 ставки

Логопед 0,25 ставки.

Цель консультативного пункта для родителей:

- обеспечение единства и преемственности семейного и общественного воспитания, оказание психолого-педагогической, логопедической помощи родителям (или лицам их заменяющих), развития способностей с учетом интересов детей и запросов родителей, коррекция нарушения развития детей нуждающихся в ней.

Основные задачи консультативного пункта для родителей:

1. Оказание консультативной помощи родителям (или лицам их заменяющих) по

вопросам воспитания, обучения и развития ребенка дошкольного возраста;

2. Организация методической, диагностической и консультативной помощи семьям, воспитывающих детей дошкольного возраста на дому;

3. Обеспечение взаимодействия между ГККП ДС № 33 «Нұрсәт», реализующего дошкольную общеобразовательную программу, родителям (или лицам их заменяющих) и другими организациями заинтересованных в поддержке и развитии воспитании детей;

4. проведение комплексной профилактики различных отклонений в физическом, психологическом и социальном развитии детей.

5. оказание содействия социализации детей дошкольного возраста, не посещающих дошкольные учреждения.

Были созданы условия для приема детей. Предметно-развивающая среда консультативного пункта оборудована необходимой мебелью и игрушками. Ребенок находит для себя массу интересных развивающих игр, многие из которых нам предоставил Центр развивающих игр Intelectum.kz.

Помещение консультативного пункта разделено на два центра, один для игр ребенка, второй для душевной беседы со специалистом. Встречи со специалистами организовываются согласно составленного графика, отводится каждому родителю достаточное время, чтобы познакомиться, побеседовать, пока ребенок увлечен играми и интересными книгами, родитель заполняет анкету, работает с психологом. Деятельность консультативного пункта с годами совершенствовалась: первые годы охватывали детей с 3 лет, не посещающих детский сад, позже программа «Балапан» расширила сеть дошкольных учреждений, обеспечив всех желающих местами в детских садах. На сегодняшний день в основном обращаются родители детей до 3х лет, а также дети с особенностями в развитии. Если в первые годы работы, социальный педагог размещал объявления на подъездах, собирая родителей, родителей настойчиво приглашали, проводили собрания за круглым столом с

чаем, дарили книжки и подарки, проводили конкурсы и игры для того, чтобы заинтересовать родителей к общению со специалистами.

На сегодняшний день информация о работе консультативного пункта размещена на сайте детского сада, проводятся прямые эфиры, где специалисты информируют родителей о графике работы, сообщают адреса консультативных центров города, темы встреч, информацию о специалистах также доступна каждому родителю. Прием родителей осуществляется бесплатно. Консультативный пункт стал любимым местом объединения, общения родителей чьи дети не могут посещать детский сад.

Многолетний опыт работы в детском саду показывает, какие затруднения стоят перед родителями в психолого-педагогическом плане. Обращения родителей условно поделили на категории:

- Ранняя социализация ребенка (Узнать, как ребенок поведет себя в условиях детского сада, подготовить ребенка к детскому саду, увидеть условия детского сада)

- Кризисный возраст (капризы детей, ребенок непослушный, дерется, кусается итд)

- Нарушения речи ребенка (отсутствие речи, задержка речи, дефекты в речи, заикание)

- Родители особенных детей (нуждаются в общении не только детей, но и родителей между с собой, имеющих такие же проблемы в диагнозе)

Чтобы родители не испытывали некоторые неудобства, работа консультативного пункта строится на принципах.

Принципы организации работы консультативного пункта:

- принцип конфиденциальности: данные родителей обратившихся в консультативный пункт, фото, информация об особенностях ребенка и его семье не разглашается без согласия родителей;

- принцип научности: консультационный материал для родителей, предоставляемая детским садом должен иметь научную основу;

• принцип доступности: КП консультирует всех желающих, имеющих детей дошкольного возраста, вся информация адресованная родителям дается в доступной форме, на понятном языке без сложной терминологии.

Карантин внес свои изменения в деятельность консультативного пункта, специалисты использовали новые средства консультаций используя средства whatshapp, инстаграмм, телеграмм. Психолог и дефектолог активно внедрили онлайн курс молодого родителя. Позже такие онлайн встречи стали проводить с детьми имеющие нарушение опорно-двигательного аппарата, с детьми с нарушением поведения, которые не могут посетить консультативный центр. Специалистами детского сада ежегодно организовываются квесты, один из таких, квест «Здоровый ребенок», целью стало сохранение и укрепление здоровья детей.

В приложении whatsapp, родителям отправляются задания, которые позволяют расширить знания о здоровом образе жизни. Обратная связь в которой отправляется фотоотчетом, организатору квест-игры, ответы анализируются, родители отправляют видео и фото материалы, делятся впечатлениями.

Также в онлайн квест были включены такие задания:

• «Утро ребенка» - участникам предлагаются комплексы упражнений для проведения утренней гимнастики с ребенком, дидактические игры.

• «Здоровое питание» - родителям вместе с ребенком нужно приготовить полезный завтрак (обед, ужин) дать название блюду, показать фотографии процесса готовки с ребенком. Рассказать какие витамины в данном блюде содержатся.

• «Рисовалки» - родителям вместе с детьми дается задание нарисовать любимое занятие дома, а также ребенку эмоционально рассказать о своем рисунке

Такие формы работы укрепляет здоровье детей, объединяет семью, также ребенок контактирует с организаторами квеста, и ему отводится больше внимания во время исполнения заданий. Стало традицией проводить встречи родителей особенных детей, так как уход за детьми, напряженность, который испытывают мамы может снять только яркие эмоции. Командные спортивные мероприятия, ритмические упражнения, квесты стали частью работы консультативного пункта. Вместе с детьми оказываем спонсорскую помощь нуждающимся, дети дарят свои рисунки и записки с пожеланиями, взрослые необходимые вещи и продукты питания. Современные родители ищут более интересные темы для встреч, так специалисты повар и диетическая сестра провели курс по полноценному питанию ребенка дошкольного возраста, с дегустацией блюд детского сада: свекольник, витаминные салаты и запеканки. Работа консультативного пункта продолжается, в связи с запросами родителей изменили график приема, принимая «занятых» родителей в субботу.

Также работа КП поднимает имидж детского сада в глазах общественности. Каждый, кто хотя бы раз обратился за помощью к нашим специалистам, мечтают попасть только в детский сад «Нұрсәт», а также безболезненно проходят адаптационный период.

Список литературы:

1. Типовые учебные планы дошкольного воспитания и обучения Республики Казахстан.
2. Типовые учебные программы дошкольного воспитания и обучения.
3. Инструкция для консультативных пунктов по организации работы с родителями детей, которые не охвачены дошкольным воспитанием и обучением –Астана, 2024, Институт раннего развития детей
4. Методические рекомендации по организации работы консультативных пунктов для родителей и детей- Астана, 2024, Институт раннего развития детей



ҮЙ ЖАНУАРЛАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ТӨЛДЕРІ

Нургалиева Гулшад Андижановна

Ақтөбе облысы, «№1 Алға мектеп-бақшасы» КММ,
бастауыш сынып мұғалімі

«Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру» бойынша міндеттер:

Әлеуметтік эмоционалды дағдылары: табиғатта қауіпсіздікті сақтау ұсақ заттар мен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, заттарды құлаққа және мұрынға тықпау); табиғатқа сүйіспеншілікке және қамқорлық жасауға баулу үй жануарлары мен жабайы жануарларды таниды; табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылайды; табиғатқа қамқорлық танытады.

Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту.

Ойын: «Қайсысы қайда тіршілік етеді?» **Мақсаты:** суреттен көрген заттарының аттарын атап, олардың қайда өмір сүретінін айтқызу. Әртүрлі заттардың атауларын сөйлегенде белсенді қолдану, заттардың атқаратын қызметтерін түсіну, заттардың тобын білдіретін түсініктерді меңгеру.

Көрнекіліктер: теледидар, әр түрлі жануарлар, құстар суреттері.

Ойын шарты: әр түрлі аңдар, құстарды көрсетіп, олардың қайда өмір сүретіні сұралады. Олардың немен қоректенетіні айтқызылады. Балалар сөздік қорына жаңа сөздер енгізу үшін, тапсырманы түрлендіруге болады. Олар туралы балалардың білетін өлең, жұмбақтарын айтқызу.

Танымдық дағдыларды дамыту бойынша:

Міндеттер: Танымдық зияткерлік: заттарды зерттеуге қызығушылықты ояту, жаңаны тануға, өзіне сенімділікке баулу, қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу,

Дидактикалық ойын: «Төлдерін тауып бер»

Мақсаты: Үй жануарлары жайлы білімдерін тиянақтау, төлдерін ажыратуға үйрету.

Шарты: Суреттің оң жағында жануарлардың суреттері, ал сол жақта олардың төлдері. Тақтаға шыққан бала қай үй жануарын тандап алса, соның төлін енесіне қосады.

Дидактикалық ойын: «Шатаспақ»

Мақсаты: Сурет бойынша жануарлардың басын орналастыру, ойлау қабілеттерің дамыту. Заттарды салыстыру, заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру

Шарты: - Мынау ненің басы?

Берілген суреттегі жануарлардың басын тауып орналастыру керек

«Коммуникативтік-дағдыларды дамыту» бойынша:

Міндеттері: Коммуникативтік дағдылары:

Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету.

Қазақ тілі:

Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын сөздерді, жануарлардың, төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.

Ертегі «Дос іздеген бота»

Мақсаты: Үй жануарлары туралы білімдерін кеңейту, олардың төлдерімен таныстыру. Бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге.

«Үй жануарларын қалай шақырады?» ойыны.

Қойды пұшайт-пұшайт,
 Сиыр аухау-аухау,
 Жылқы құрау-құрау,
 Түйені көс-көс деп шақырады.

Дидактикалық ойын: «Жануарларды қалай күту қажет?»

Мақсаты: Балаларды жануарларға қайырымдылықпен қарауға тәрбиелеу. Балалардың үй жануарлары туралы білімін тереңдету және жүйелеу. Балаларды сипаттау арқылы жануарларды білуге үйрету. Өз көңіл-күйін білдіруге, басқаның көңілін түсінуге баулу. Білімдерін бекіту.

Ойын шарты: Балаларға үй жануарларының суреттері таратылып беріледі. Әр бала сурет бойынша үй жануары туралы білетінін немесе өз ойын білдіреді.

Жануарларға қалай қарау керек, қандай қарым-қатынаста болу ережесін құрайық:

- Жануарларды жақсы көру керек.
- Жануарларды күту керек.
- Уақытында тамақтандырып, серуенге шығарып отыру керек.
- Олармен ойнау керек.

- Оларды ызаландыруға, аяқпен тебуге, ауыртуға болмайды

Көрнекіліктер: үй жануарлары мен дала жануарларының суреттері

Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту:

Міндеттері: Шығармашылық дағдылары бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндейді; музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын; ойындарда мәнерлі және эмоционалды жеткізеді.


Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбандап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады, ат шабады,

«Жасырынған жануарларды тап»

Мақсаты: үй жануарлары туралы әңгімелесу. Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін дамыту.

Шарты: ағаштардың артына жасырынған жануарларды табу.

Соңында «Қошақаным» әнін ордаймыз



ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ – ҰЛТ БОЛАШАҒЫ

Расмұхамбетова Орынгүл Қуандыққызы

Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданы, «Ө.Қанахин атындағы ЖББОМ»
биология және химия пәні мұғалімі

Бүгінгі күн жастарын жетілген азамат етіп тәрбиелеу отбасылардың жауапкершілігін тағы да арттыра түсуде. Себебі, балаға саналылықтың сипаты ол өмірге келген күннен бастап сол отбасында бойына сіңеді. Кейіннен мектеп, қоршаған орта және қоғамдағы болып жатқан әртүрлі жағдайлардың әсерімен қалыптасады. Мұны, әрине, барша біледі. Бірақ біздің айтайын дегеніміз, балалардың жақсы немесе жаман болып қалыптасуына ең бірінші отбасыдағы ата-ананың немесе сол отбасыдағы үлкендердің әсері аса маңызды екенін баса айтып, соған көңілді көбірек бөлмекшіміз.

Өмірге келген жас нәресте өзін қоршаған ортамен ең алдымен өз отбасында танысады. Перзент үшін дүниеде ең жетілген, білімді де мәртебелі адам – оның ата-анасы. Ал, ең әдемі де жарық үй – оның туылған үйі. Сондықтан да жас баланың дамуына ата-ананың орны ерекше. Балалардың қоғамда қабілетті, өнегелі, саналы, денсаулығы мықты, іскер, елін сүйетін, отанына адал болып өсуінің қоғам үшін маңызы үлкен.

Балалар өз бойынан ата-анасының бар болмысын көрсетсе, керісінше, ата-аналар да өмірінің жалғасын балаларынан көреді. Сондықтан да өзбек отбасында балаларды жастайынан өз ата-анасына ұқсап өсуіне жақсы көңіл аударылып, ол дәстүрге айналған. Әсіресе, балаларды жас кезінен бастап тазалыққа, жинақы-ұқыптылыққа, еңбекті сүйеге және оның қадір-қасиетін түсінуге, үлкендерді, соның ішінде жасы үлкен қарттарды құрметтеуге және оларға мейіріммен қарауға, ал өзінен кішілерге қамқор болуға үйрету ежелден келе жатқан тәрбие құндылықтары болып саналады.

Ата-аналар өсіріп отырған ұл-қыздарын жағымсыз қылықтардан сақтандырып отырған. Сондықтан да баланың бойынан көрінген кейбір арзымайтын кемшіліктерді дер кезінде түзеп, ескерту жасап тұрудың

маңызы үлкен болған. Себебі бүгін арзымайтындай кемшіліктерді дер кезінде түзетіп, ескерту жасап тұрудың маңызы үлкен болған. Себебі бүгінгі кішкентай қателік, ертең үлкен бір даулы мәселеге жол ашып беруі мүмкін. Ал мұның соңы жақсы нәтиже алып келмейтіні рас.

Отбасында жасы кіші оқушыларды ұқыптылық негізінде тәртіпке салу, мәдениетті етіп тәрбиелеу, оларды өздерінен үлкендерді құрметтеуге, оларға «сіз» деп сөйлеуге, сәлемдесу ережелеріне мән беруге, жағымсыз қылықтардан өздерін аулақ ұстауға үйретіп бару да өте қажетті маңызды мәселе.

Кейбір ата-аналар өз перзенттерін шектен тыс еркелетіп, баланың бетінен қақпай, көңіліне қарап тәрбиелейді немесе отбасындағы өнегелі тәрбие мөлшеріне немқұрайдылықпен қарайды. Ал мұндай көріністер баланың бойында кері қасиет пайда болуына тікелей себеп болады. Бұндай қолайсыз жағдайларға тап болуына баланың өз ата-анасы кінәлі емес деп қалай айта аласыз. Бірақ осындай ата-аналар өз кемшілігін сезініп, өздері мойындай да бермейді. Бұндай жағдайлар кем болса да өмірде кездесіп тұратыны шындық.

Отбасындағы жалпы қарым-қатынас, үйдегілердің бір-біріне деген сый-құрметі немесе басқалармен болған байланысы, сөз шеберліктері, яки болмаса, жағымсыз қылықтары жас баланың қалыптасуына үлкен әсер етеді.

Әсіресе, отбасындағы ата-аналарының ажырасып кетуі ортада қалған балаларға қатты әсер етеді. Соның салдарынан әкесіз немесе анасыз тәрбиеленген бала жасық немесе кекшіл, көңілі жарым болып өседі.

Жасы үлкендерді, қарияларды құрмет ету, олардың келелі кеңестерін ежелден келе жатқан халқымыздың дәстүріне сай берген жол-жорамалдарын тыңдай отырып, солар

көрсеткен жолмен жүру дәстүрі халқымызда ежелден бар. Бұл дәстүріміз күні бүгінге дейін өз күшін жойған емес.

Осы жерде тағы бір айта кетерлік жайт – ата-ананың бір-бірімен болған қарым-қатынасы туралы еді. Мәселен, біздің халықта ер адамды ұлық тұтқан. Ол – үйдің отағасы, балалардың әкесі. Ата-ананың бала өсірудегі басты мақсаты – қоғамдық өмірге көпшілікпен қатар «түзу кірпіш» қалау. Сондықтан, осы бала тәрбиесіне олардың қарым-қатынасы қатты әсер етеді.

Дана халқымыз: «Адамның бақыты – еңбекте», – деп бекер айтпаған. Шынында да, адам өз қадірін, құрметін сол адал еңбегі арқылы алады. Адамды ұлы көрсететін, оны елге танытатын да – сол адам еңбегі. Ата-аналар балаларын жастайынан-ақ еңбек етуге, қандай қиыншылықтар болса да төзіп, оны жеңуге үйретіп келген. Олар бір жұмыс істегенде перзенттерін жанына алып, оларға ауыр болып кетпейтіндей дәрежеде жайлап түсіндіріп, үйретіп отырса, балалар жұмысты тындырымды істеуге қалыптасады.

Мұндайда «Әкенің – кәсібі, ананың – рәсімі» деген қағиданы халқымыз өте жақсы жолға қояды. Яғни, балаларды жастайынан әке кәсібіне, ал қыз балаларды анасының рәсіміне баулу бұрыннан келе жатқан дәстүріміз. Әсіресе, қыз баланы ибалы, тәртіпті етіп тәрбиелеу – отбасындағы басты тәрбиелік жұмыс. Сондай-ақ, балаларды сәлем беруге үйрету де маңызды бар мәселе.

Мәселен:

- Отбасының нығаюына отбасы мүшелерінің, сондай-ақ, ата-аналар мен перзенттерінің ортасындағы өзара қарым-қатынастың жақсы жол қойылғандығы;

- Отбасында ата-аналардың барлық перзенттеріне бірдей көзқараста болуы, мейірімді және қамқор бола тұрып, қатал да талапшыл болуы;

- Отбасында балаларды еңбексүйгіштікке, іскерлікке, төзімділікке үйретудің рухани және әдептілік жақтарының құрылуы;

- Отбасында перзенттердің ата-ана алдындағы борышы мен міндетін сезінуі;

- Отбасында балаларды ұлттық құндылықтар негізінде әдепті тәрбиелеу, сондай-ақ сол ұлттық құндылықтарға, әдет-ғұрыптарға баланың көзқарасын қалыптастыру және осыларды баланың қолдануы, т.с.с.

Міне, осыларды есепке алмай отбасында бала тәрбиесін жақсы жолға қою мүмкін емес. Өнегелі отбасында тәрбиелі бала өсіру, жаңаша өмір салтын ежелгі құндылықтармен байланыстыра отырып, келешектің саналы ұрпағын қалыптастыру – бүгінгі күннің талабы.

Қорыта айтқанда, бүгінгі күнде жастарды әдепті де саналы етіп тәрбиелеу үшін ең алдымен тәрбие ережелеріне сүйене отырып, ұлттық дәстүрімізді, әдет-ғұрыптарымызды, дінімізді, ата-бабаларымыздан қалған насихат мұраларын балалардың санасына сіңіруді білу – ата-ананың басты міндеті. Сондықтан да бала тәрбиесінде ата-ананың алатын орны ерекше. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген мақалды халқымыз текке айтпаған.

Тәрбиенің көзі – ата-бабамыздан қалған дана сөздер десек, ата-ана – сол насихаттарды жүргізуші. Бұл ата-аналардың қоғам алдындағы үлкен міндеті десек те болады.

МАҚАЛАЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР ЖӘНЕ ЖУРНАЛДЫ БАСЫП ШЫҒАРУ ШАРТТАРЫ:

Жалпы талаптар:

- тақырып өзекті болуы тиіс;
- атауы анық және нақты болуы тиіс;
- мақала мазмұны журнал тақырыбына сәйкес келуі тиіс;
- мақала мазмұны практикалық сипатқа ие болуы тиіс;
- мақала қосарланған автормен де шығарылады;
- мақала қазақ/орыс/ағылшын тілінде жазыла береді;
- мақала оқушы жұмыстарының нақты мысалдарын қамти алады;
- мақалада пайдаланылған әдебиеттер тізімі болуы тиіс.

Мақала көлемі: 3–4 бет (суреттерді, фотосуреттерді, кестелерді қоса алғанда).

Авторлар туралы мәліметтер:

Тегі, аты, әкесінің аты (толық), автордың (авторлардың) jpeg форматтық, жоғары сапалы 2 фотосуреті (300 dpi); ғылыми дәрежесі (бар болған жағдайда), лауазымдары, жұмыс орны; байланыс телефоны және e-mail.

Мынадай техникалық талаптарға сәйкес ресімделген мақалалар басылымға қабылданады:

1. Мақала Microsoft Word бағдарламасында терілуі тиіс;
2. Негізгі мәтін қарпі - Times New Roman;
3. Негізгі мәтін қарпінің мөлшері 14 пт;
4. Жол аралық интервалы - бір жарым;
5. Мәтіннің теңшелуі ені бойынша;
6. Тасымалдардың автоматты орналастырылуы қосылған;
7. Мәтін бойынша суреттер мен кестелер, қысқаша атауымен немесе сипаттамасымен.

«Педагогикалық даму» республикалық ақпараттық-педагогикалық журналының редакциясы өз қалауынша мақалаларды түзету және көлемін қысқарту құқығына ие.

Мақалалар себебін түсіндірусіз қабылданбауы мүмкін. Редакция мақалаларды журнал мен оның айдарларының тақырыптарына сәйкес өзі анықтайды.

ТРЕБОВАНИЯ К СТАТЬЯМ И УСЛОВИЯ ПУБЛИКАЦИИ В ЖУРНАЛЕ:

Общие требования:

- тема должна быть актуальной;
- заголовок должен быть ясным и конкретным;
- содержание статьи должно соответствовать тематике номера;
- содержание статьи должно носить практический характер;
- статья может быть написана в соавторстве;
- статья может быть написана на казахском/русском/английском языке;
- статья может содержать конкретные примеры ученических работ;
- статья должна содержать список использованных ресурсов.

Объем статьи: 3–4 страницы (включая рисунки, фотографии, таблицы).

Сведения об авторах:

Фамилия, имя, отчество (полностью), 2 фотографии автора (-ов) в формате jpeg отличного качества (300 dpi); указание ученой степени (если есть), должности, места работы; контактный телефон и email.

К публикации принимаются статьи, оформленные в соответствии с техническими требованиями:

1. Текст статьи набирается в программе Microsoft Word;
2. Шрифт основного текста - Times New Roman;
3. Размер шрифта основного текста - 14 пт;
4. Межстрочный интервал одинарный;
5. Выравнивание текста по ширине;
6. Автоматическая расстановка переносов включена;
7. Рисунки и таблицы по тексту, с кратким названием или описанием;

Редакция республиканского информационно-педагогического журнала «Педагогикалық даму» оставляет за собой право корректировки и сокращения объема статей по своему усмотрению. Статьи могут быть отклонены без объяснения причин. Редакция вправе самостоятельно решать вопрос соответствия статей тематике номера и его рубрик.

Теруге 01.05.25 ж. жіберілді. | Сдано в набор 01.05.25 г.
Баспаға 28.05.25 ж. қол қойылды. | Подписано в печать 28.05.25 г.
Журналды шығару мерзімі 06.06.2025 ж. | Выход журнала 06.06.2025 г.
Таралымы 9 дана. | Тираж 9 экз.